

Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

А. Рыскалиева. Ақ босағаның алтын діңгегі	3
З. Кебенбаева. Ана – өмірдің шуағы.....	4
Ж. Баймурзаева. Ана, саған табынамын.....	6
Ә. Ақылбекова. Аналар – асыл қазынам	8
Г. Рысмахан. Роза Бағланованың өшпес әндері.....	11
Г. Кенжебек. Әлем таныған Абай.....	14
М. Байдаулетова. Күй – шежіре, күй – дастан	17
Р. Бешенова. Көптен күткен Наурыз тойы – арайлы.....	22
Г. Әжібаева. Армысың, Әз Наурыз!	24
Д. Данабекова. Ұрпақтар ұмытпайтын – Ұлы Жеңіс!	28
А. Ибраева. «Үздік оқырман» сайысы	31
Г. Суиндикова. Қызықты география.....	33
К. Касенов. Ең үздік жас физик.....	36
А. Атахметқызы. Қазақ әдебиетіндегі қайталанбас дара тұлға	40

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«ПЕДАГОГ LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
21.03. 2025 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 303 37 67.

Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru
Сайт: www.pedagog-ltd

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 мектеп-гимназия
директорының тәрбие
жұмысы жөніндегі
орынбасары.
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш
Сахиқызы** – эл-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің
қауымдастырылған
профессоры, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл
Ботабекқызы** – PhD,
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы. Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Ақ босағаның алтын дінгегі

Кез келген адамның әдептілігі мен жан-дүниесінің сұлулығы ең алдымен балаға ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталатыны белгілі. Ұлылардың ұлағаты, тағылымды өсиеттерінен ана — қоғамды қозғаушы күш, бірлік-тірлік негізі, ел бейнесін айқындайтын өмір айнасы, ел тұтқасы екендігін білеміз.



8 наурыз — Халықаралық аналар мерекесіне арналған Елтай ауылында кітапханашы Мархаба Наринованың ұйымдастыруымен «Ақ босағаның — алтын дінгегі» атты сыр-сұхбат кеші ұйымдастырылды. Тағылымы мол шараға ауылымыздың аяулы аналары арнайы қонақ етіп шақырылып, олардың отбасының дінгегі бо-

луының сырларымен бөлісуіне әртүрлі сұрақтар қойылып, жанұядағы жағдаяттардан шығу жолдарын, бала тәрбиесіндегі ананың рөлінің маңыздылығы туралы сырласты.

Кештің шынайылығы сол, қоғамдағы ана тәрбиесі тәрбиенің мәйегі екендігін тереңірек ұғынарлықтай әсерлі болды. Сыр-сұхбат кешінің қонақтары Мұхсина Сиғуатқызы, Баян Шерәліқызы, Мейрамгул Мәдиқызы, Айнұр Батырғалиқызы, Асылзада Қанатқызы сұрақтарға жауап беріп, жарасымды жанұя болудың сырларымен бөлісті. Кештің көрігін Асыл Кенжеғалиева аналарға арналған «Анашым», «Жібек сезім» әсем әндерімен қыздырды. Сонымен бірге зейнеткер оқырман Нұрлыбай Далабаев ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Әйелдердің мерекесі екен ғой» өлеңін оқып берді.

Әйел-ананың бейнесі қандай болса, сол елдің бейнесі, салт-дәстүрі сонымен өлшенеді десек, қай салада да көшбасшы бола біліп оны өмір тәжірибесімен дәлелдеп жүрген аналармен өткен кездесуде тосын сыйларын



ұсынған нәзік жандылардың жұбайлары, ауылдық ардагерлер алқасының төрағасы өз құттықтау лебіздерін жолдап, кештің әсерін арттыра түсті.

Жазушы Мұхтар Мағауин: «Әлемдегі ең сұлу — қазақ әйелі: менің жарым, менің анам, менің қызым. Қазақты қазақ қылған осы әйел болатын, сұлу ғана емес, сымбатты, мінезді, ақылды, адал жар, абзал ана, ағайынға қамқор, ауыл-аймаққа құт, ердің мақтаны, елдің көркі», — деп

қазақ әйеліне тамаша бір баға берген екен. Осындай бағаға лайықты ауылдың аналарымен өткізілген тамаша сыр-сұхбат болашақ ұрпаққа бағыт-бағдар беруде ізгіліктің нұрын құяры сөзсіз.

Айнур РЫСКАЛИЕВА,
кітапхана оқырманы.
Елтай ауылы,
Индер ауданы,
Атырау облысы.



Ана – өмірдің шуағы



**Зәуре Манапқызы
КЕБЕНБАЕВА,**
Алматы облысы
«Шымбұлақ» балалар
шипажайы бастауыш
мектебінің мұғалімі.
Алматы қаласы.

Мақсаты: ана — өмірдің шуағы, ана — өмір гүлі, анаға тек ұлылық тән екенін ұғындыру. Анаға деген бала махаббатын ояту; Анасын сүю арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру; Оқушыларды аналардың еңбегін бағалай, құрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: көріністер, әндер, суреттер, ойынға қатысты көрнекіліктер, буклет. Плакатқа жазылған нақыл сөздері.

Барысы.

Ұйымдастыру кезеңі: оқушыларды сахна төріне тұрғызу.

Мұғалім сөзі:

Ана — ол қолдаушысы әлемнің,

Шаңырақтың шаттығы мен шуағы.
Сейілемесін жанарынан ананың,
Тіршілікке төккен нұрлы шуағы.
Аялайық аналарды әрдайым,
Қуанышқа бөлейікші өздерін.
Әжелердің, аналардың, қыздардың,
Мұң шалмасын күлім қаққан көздерін.

Ана — барлық өмірдің бастауы. Ол адамды өмірге әкеледі, оны тәрбиелейді, өсіреді. Адам бойындағы барлық асыл қасиет күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен дариды. Ана — ұлы адам, Ана — құдіретті жан, ендеше бүгінгі мерекелеріңіз құтты болсын, Аяулы аналар!

Арулар!

1-жүргізуші: Бүгінгі мейрамда көктемдей көңіл сыйлайтын оқушыларымыздың аналарға арнап жазған өлең шумақтарын қабыл алыңыздар.

1-оқушы:

Сенен өскен балалар,



Батырлар мен даналар.

Құттықтаймыз мейраммен,

Құрметті, жан аналар!

2-оқушы:

Ана дейміз бәріміз де аңқылдап,

Ана дейді жас сәби де жарқылдап.

Ана деген — бәйтерегі өмірдің,

Ана деген — алтын қазық, алтын бақ.

3-оқушы:

Ана деген асыл жандар болаттай,

Ана деген мөлдір жандар бұлақтай.

О, адамдар қадірлей біл ананы,

Жат қылыққа ақыл ойды тонатпай.

4-оқушы:

Ана десем шешек ашып жанары,

Өмірімнің бастау алар жанары.

Ана деген тіршілікке пана боп,

Әрбір үйде жұлдыз болып жанады.

5-оқушы:

Ана деген ақылшың,

Анаң барда батырсың.

Қасыңда кім болса да,

Тек анаңа жақынсың.

6-оқушы:

Ақыл құйған санама,

Күннен артық, расында.

Күн алыста, ал анам,

Ылғи менің қасымда.

7-оқушы:

Шалқып, тасып, әніміз,

Жадырасын жанымыз.

Ана сені құттықтап,

Әндетеміз бәріміз.

1-жүргізуші:

Құлақтан кіріп, бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, меніңше сүй, - деп,

Абай атамыз айтқандай, оқушымыздың орындауындағы «Ақ мамам» әнін

қабыл алыңыздар.

2-жүргізуші:

Үкілі кәмшат, бүрмелі көйлек.

Тұрғандай өзі, қимылсыз билеп.

Иықтан шашып, төгіліп жерге,

Күмісті шашбау, жарасып белге, - демекші, ендігі кезекте «Қазақ биі», қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші:

Дүние ойдан шығады,

Өзімді өзім ұмытып.

Көңілім әнді ұғады,

Жүрегім бойды жылытып, - дей отырып, ендігі кезекті әнге берейік.

«Құттықтаймын, мама, туған күніңмен» әні орындалады.

2-жүргізуші: «Ананың алақанын сипап сезу» ойыны. Үш баланың көздерін жауып байлаймыз. Аналардың орны ауысқаннан кейін, балалар көздері байлаулы күйде барлық аналардың алақанының арасынан, өз анасының алақанын сипап сезу арқылы табу керек.

1-жүргізуші:

Мерекеге арналады бүгін билер,

Көтерілсін, канекей, көңіл күйлер.

Алдарыңызда қазіргі үнді биі,

Таң қалдырып канекей би билендер, - демекші, ендігі кезекте «Үнді биі», қабыл алыңыздар!

2-жүргізуші:

Ана — ол біздің елде ардақты адам,

Кішісі де, үлкені де ардақтаған.

Өзінің аяулысы да Отанын да,

«Ана» деп біздің халық текке айтпаған, - деп кезекті көрініске береміз.

Көрініс «Әжесі мен немересі».

1-жүргізуші: Ойын «Жылы сөздер». Аналар өз балаларына берілген әріп-

терден басталатын жылы сөздер айтады.

2-жүргізуші:

Жан анам, құттықтаймын мереке күніңмен,

Көктемнің құлпыра бер нарт гүлімен.

Өрлесін елдің берген бақыт бағы,
Жазбасын шат көңілін ақ күніңмен,
- деп, ендігі кезекте «Сенің анаң — алтын» әні, қабыл алыңыздар!

1-жүргізуші:

Достықты біз ойлаймыз,
Бірге күліп ойнаймыз.
Қыздарды да құттықтап,
Мерекесін тойлаймыз, - дей отырып,
4-сынып оқушыларының орындауында көрініс

«Ана мен бала».

2-жүргізуші:

Алтын анам, жасымнан аялаған,

Мен үшін игілікті аямаған.

Сабақтан шаршап үйге келгенімде,
Бал сөзі жаным деген сая маған, - дей отырып,
аналарға арналған әнімізді қабыл алыңыздар.

«Анашым» әні орындалады.

1-жүргізуші: Аналарға арналған оқушыларымыздың тақпақтарын қабыл алыңыздар!

2-жүргізуші: Ардақты, аналар, әжелер мен апалар! Сіздерге осынау мерейлі мереке тек қана игі жақсылықтар әкелсін.

1-жүргізуші: Дендеріңізге саулық, бала-шағаларыңызға амандық тілейміз. Жүздеріңізден күлкі, қуаныш пен шаттықтың нұры кетпесін. Еңбектеріңіз табысты болып, шаңырақтарыңызға құт-береке дарысын! Аспанымыз ашық, мемлекетіміздің іргесі берік болсын!

Ана, саған табынамын

Мақсаты: ата-аналарды мектеп өміріне қатыстыру; қыздарды әдемілікке, сыпайылыққа, әсемдікке тәрбиелеу.

Өту барысы. Ортаға жүргізуші ұлдар шығады.

1-жүргізуші: Армысыздар, адалдықтың ақ туын желбіреткен, көктем күніндей, ардақты, асыл аналар!

2-жүргізуші: Сіздерді 8 наурыз — халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтаймыз!

«Ана туралы» әні хормен орындалады.

1-жүргізуші:

Өткен күнге көз салып қарасаңыз,
Әр дәуірдің жылдарын санасаңыз.
Мейлі ұлық болғанмен, мейлің дана,
Әйел ана алдында алғыстамыз.
Құттықтау сөзін сынып жетекшімізге береміз.

- Ана ... ана бүкіл әлемнің әдемілігі,
бар тіршіліктің жарығы, анаға деп әр бала өз лебізін білдіреміз дейді.

Оқушылар ана туралы жыр оқиды.

1-оқушы:

Ана деген асыл есім, көркем,

Ғажап едің, анашым, сен неткен.
Осы күнге мені жеткіздің сен,
Сеніміңді ақтаймын, ана, мен.

2-оқушы:

Өмірде Ана — бақыт, Ана — пана,
Өмірде өркендетер ана ғана.
Өсірген талай шешен, талай көсем,
Талай ер, талай ақын, талай ана.

«Ана жыры» әні орындалады.

3-оқушы:

Ана өмірдің нұры ғой,
Жанып тұрар күні ғой.
Аналарды құрметтеу
Бәрімізге міндет қой.

4-оқушы:

Мерекең келе жатыр алдағы,
Қуантуға тырысамын мен-дағы.
Үлкен сыйлық болмаса да қолым-
да,

Арнаймын мен пәктік асыл сөзімді.

1-жүргізуші: Олай болса, аналар, сіздермен сергіту сәтін ұйымдастырып, мақал-мәтел айту түрінде сайысымызды өткіземіз. Мақалды мен бастайын, сіздер жалғастырып айтыңыздар. Кім ең көп жауап береді?

1. Тойдың болғанынан... (боладысы қызық)

2. Таз таранғанша... (той тарқайды)

3. Әншейінде ауыз жаппас... (той дегенде өлең таппас)

4. Жүзігің алтын болғанша... (жүзін жарқын болсын)

5. Бала жетіге келгенше... (жерден таяқ жейді)

6. Ұлға отыз үйден тию... (қызға қырық үйден тыйым)

7. Қыз жоқ жерде... (қызық жоқ)

8. Әкенің жақсылығы... (жездедей-ақ)

9. Астың дәмін тұз келтірер... (ауылдың сәнін қыз келтірер)

10. Атаңның баласы болма... (адамның баласы бол)

11. Білекті бірді жығар... (білімді мыңды жығар)

12. Шешен сөз бастар... (батыр қол бастар)

13. Әке көрген оқ жонар... (шеше көрген тон пішер)

14. Жақсы байқап сөйлейді... (жаман шайқап сөйлейді)

15. Әдепті бала — арлы бала... (әдепсіз бала — сорлы бала)

16. Жақсыдан үйрен... (жаманнан жирен)

17. Баланың ұяты әкеге... (қыздың ұяты шешеге)

18. Балапан ұяда не көрсе.... (ұшқанда соны іледі)

19. Қына тасқа бітеді... (ақыл басқа бітеді)

20. Ата — бәйтерек... (бала — жапырақ)

«Әлқисса» күйі орындалады.

5-оқушы:

Өмір жасың ұзақ болсын, анашым,
Осы менің саған айтар тілегім.

Бақыт қонып, жас қосылсын жасына,
Гүлдей жайнап, құлпыра бер, анашым.

2-жүргізуші:

Ойлап көрші, анадан не қымбаттау?!
Зор кінә ғой ана жайлы тіл қатпау.

Талай ана сәби үшін ұйқысыз,
Тал бесігін таянумен түн қатты-ау.

«Үш бала» биі биленеді.

6-оқушы:

Күндеріңіз толсын гүлге, желекке,
Отбасында болсын ырыс, береке.

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді,

Өмір — думан, бақ әкелсін мереке.

1-жүргізуші: «Анамның дауысы» ойыны.

Құрметті аналар, қазір сіздер бір-бірлеп, өз балаңызды шақырасыз. Мысалы, ұлым немесе қызым деп, ал атын атамайсыздар. Қай бала анасының дауысын таниды екен?

7-оқушы:

Гүл өмірдің, шежіресі, байтағы,
Жеңімпаздар гүл көтеріп қайтады.
Адамға адам ең әдемі тілегін,

Қадамына гүл бітсін деп айтады.

«Анашым» әні орындалады.

Жүргізуші: Сіздер үшін біз өз сыйлығымызды жасадық. (*Сыйлықтарды тарату*)

Қорытынды.

Жаңылхан Чакеновна

БАЙМУРЗАЕВА,

Ы. Кабеков атындағы орта мектептің

Көркем еңбек пәні мұғалімі.

Екпін ауылы,

Тарбағатай ауданы,

Абай облысы.



Аналар — асыл қазынам



**Әсем
АҚЫЛБЕКОВА,
«Балдырған»
бөбекжайының
тәрбиешісі.
Сарыөзек кенті,
Кербұлақ ауданы,
Жетісу облысы.**

Мақсаты: балаларға 8 наурыз — халықаралық әйелдер мейрамы екенін ұғындыра отырып, аналарын ешқашан ренжітпеуге, қолқанат болуға, әже, апа, әпкелерін, құрбыларын құрметтей білуге тәрбиелеу.

Жүргізуші: Армысыздар, аяулы аналар, құрметті ұстаздар, гүлдей құлпырған қыздар! «Балдырған» бөбекжайының «Қоңырау» ортаңғы тобының мерекесіне қош келдіңіздер!

Барлығымыз асыға күткен бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен аналар мен нәзік жанды қыздар қауымының төл мерекесі құтты болсын!

Бала, бала, бала деп,
Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.
Қаймақты сүттей қалқытқан,
Суық болса жөргегі,
Қорғасындай балқытқан.
Қолын қатты тигізбей,
Иісін жұпар аңқытқан,
Бұл кім екен, балалар?

Балалар: Ана, ана, ана!

Жүргізуші:

Бүгін наурыздың сегізі,
Сұлулықтың негізі.



Әдемі сөз баланың,
Анаға айтар лебізі.

1-бала:

Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегінде сақтаған.
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ мамам!

2-бала:

Жарқын жүзді жан анам,
Сендей болсын бар адам.
Сендей болса бар адам,
Шаттық кетпес баладан!

3-бала:

Мен мұғалім анамның,
Өнегесін аламын,
Ертең мен де анамдай
Оқытушы боламын!
«Анашым» әні орындалады.

4-бала:

Ақ анашым, аппағым,
Өзің жайлы тақпағым.
Өзің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрін де.

5-бала:

Анамыздың мейірлі,
Жүзіне біз қараймыз.
Анамызды пейілді,
Жомарт жанға балаймыз.

6-бала:

Таң қалғандай ғалам,
Ақылды, аяулы адам.
Апайларым сүйікті,
Мен сіздердей болам!

Жүргізуші:

Той пердесін ашайық,
Тойға шашу шашайық.
Аналарды құрметтеп,
Ән маржанын ашайық.

«Сәби тілек» әні орындалады.

7-бала:

Айналайын, анашым,
Көкте күн боп жанасың.
Ет жүрегің елжіреп,
Құшағыңа аласың!

8-бала:

Анам мені «Айым» дейді,
Мен мұңайсам уайым жейд

9-бала:

Бізге қарап елжіреп,
Сүйсе беттен күнім деп,
Құшақ ашса келші деп,
Жүгіреміз күлімдеп.
- Еркін елдің ұл-қызы,
Жарқыраған жұлдызы.
Би билейміз бәріміз,
Айдай толқып нұр жүзі!
«Қуыршақтар» биі орындалады.

10-бала:

Ақ жүректе сақтаған,
Жарқын жүзің бақ маған.
Ақ бетіңнен сүйемін,
Келші, келші, ақ мамам!

«Ақ гүлімді сыйлаймын» әні орындалады.

Жүргізуші: Бүгінгі мереке күні әжелерімізді де ерекше құттықтаймыз. «Қариясы бар үйдің, қазынасы бар» деп бекер айтылмаған. Келесі құттықтауларымыз сіздерге арналады, құрметті әжелер!

1-бала:

Менің әжем мейірбан,
Мені жақсы көреді.
Қажетіне жарасам,
Жас балаша күледі.

2-бала:

Мені жақсы көреді,
Күндей күліп жүреді.
Көп ертегі біледі,

Маған айтып береді.

3-бала:

Менің әжем жыр әжем,
Шуағы мол, нұр әжем.

4-бала:

Менің әжем алтын адам,
Мінезіне қайран қалам.
«Өркендерің өскір-ау» дер,
Ұрсып қалса папам, мамам.

«Ана – біздің күніміз» әні орындалады.

«Аялы алақан» ойны ойналады.

Шарты: ортаға 2-3 ананы шақырамыз, көздерін мықтап байлап, топ балалар ішінен өз баласын тауып алуға ұсынамыз. Кім баласын тез тапса, сол өз баласын құшақтап, атын атау керек.

Жүргізуші: Жарайсыздар! Аналарымыз тапқыр, әрі жылдам екен, балаларыңызбен әрдайым құшақтарыңыз ажырамасын!

5-бала:

Әже деген көп шығар,
Әжемдей жан жоқ шығар.
Мейірімді бұл кісі,
Қандай ғажап күлкісі.

6-бала:

Анам, анам, ақ анам,
Мен өзіндей ақ балаң.
Айтқан тіліңді аламын,
Жұмсағанда барамын.
Жадырасын бойымыз,
Өркендесін ойымыз.
Би билейік, келіндер,
Қызық өтсін тойымыз!

«Қоңырау» тобының флешмобын тамашалаңыздар.

(Есік қағылып залға музыка әуенімен көк көйлек киген Ару-көктем кіріп келеді)

Ару көктем: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, кішкентай балақайлар!

Дала гүлге бөленеді,
Орман, тоғай, бактарда.
Құстар сайрай жөнеледі,
Мен көңілді көктеммін,
Шұғыламды төккенмін.
Көзін ашып бұлақтың,
Түбіне тал екенмін.
Гүл боп қырда егілем,
Дән боп жерге себілем.
Жылуын күннің әкелем!

- Барлықтарыңызды мерекелеріңізбен құттықтаймын. Денсаулық, қуаныш, сұлулық тілеймін.

Жүргізуші: Амансың ба, Ару көктем? Ұлан-байтақ жерімізге қош келдің! Шуағыңды шаттандырып, нұрыңды мол төге бер. Енді жаз келгенше, қасымызда бол, бірге тамаша күндер өткізейік.

Ару көктем: Иә, жаз інім келгенше сендермен бірге боламын.

Жүргізуші: Ал, Ару көктем, біздің балаларымыздың өзіңе арнаған өлең-жырларын қабыл ал.

«Балапан» әні орындалады.

7-бала:

О, алақай, балалар,
Шақырады далалар.
Көктем келді гүл алып,
Құстар келді жыр алып.

8-бала:

Ертегі қандай көп еді,
Күнде айтып береді.
Қуанатын балаша,
Менің әжем тамаша!

9-бала:

Жасыл көктем келеді,

Самал беттен өбеді.

Көкте бұлттар көбейсе,

Мөлдір тамшы төгеді.

«Анаға арнау» әні орындалады.

Ару көктем: Рахмет, балалар, өнерлерің өрге жүзсін! Енді мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр. Ол «Кім бірінші құттықтайды?» деп аталады.

Шарты: ортаға 2 ұл, 2 қыз шығады. Музыка әуеніне вальс билейді, музыка тоқтағанда ұл бала жүгіріп барып гүлді алып, қызға сыйлауы керек.

Жүргізуші: Ару көктем, ойын ойнаған балаларға өте ұнады, рахмет саған!

Өмірдегі ең жақын адам — ана. Ананың көз нұры, мейірімі тастай мұзды да жібітеді. Сүйікті аналар, балалары-

мыздың жылы лебіздері тек сіздерге арналады!

10-бала:

Анашым, анам,

Ризамын саған.

Тіліңді алам,

Ақылды болам.

11-бала:

Қуанышы баланың,

Бізді өсірген анашым.

12-бала:

Біз доспыз гүлдермен,

Текке оны жұлмаймыз.

Той күні бір-бірден,

Аналарға сыйлаймыз.

«Құттықтаймын, мама» әні орындалады.

Роза Бағланованың өшпес әндері

(Р. Бағланованың «Ах самара городок» бейнебаянынан үзінді көрсету)

- Құрметті оқытушылар мен оқышылар, ата-аналар, бүгінгі «Роза Бағланованың өшпес әндері» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

Қазақ әндері өзінің барынша тазалығымен, өршілдігімен, сезімімен, көркемдік шыншылдығымен ерекшеленеді. Оларды тыңдай отырып, тамаша бір биік адамгершілік қасиеттерімен қауышқандай қуаныш сезіміне бөленесің. Қазақ халық әндерін бағлап аша білген вокал өнерінің саңлақтары Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаев, Роза Жаманова, Әлібек Дінішев секілді өнер майталмандарын айтуға болады.

Аты аңызға айналған ән әлемінің патшайымы — Роза Тәжібайқызы Бағланова Сыр елінің ғана емес, бүкіл қазақ халқының, қала берді түркі нәсілінің мақтанышы болды. Көмейінен лағыл-маржан төгілген ғасырымыздың ғажайып туындысы, Халық қаһарманы Роза апамыздың өнер өлкесіндегі өнегелі өмірі ұлт тарихының алтын арқауы.

Роза Бағланова 1922 жылы 1 қаңтарда Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келген. Орта мектептен соң, 1939 жылы Қызылорда педагогика институтына түседі, 1940 жылы Ташкент филармониясындағы мемлекеттік әйелдер ән-би ансамбілінің әншісі болды.

Киіктің үйірілген лағындай,
Ойнақшып тәтті әндерге басуын-ай!
Таулардан, өзендерден, мұхиттардан,

Үнінің кідірместен асуын-ай!

Бұл шумақтарды ән мен сұлулық бәйгесінің тәжін қоса киген алаштың ай мандайлы аруы, жер шарындағы ең әдемі әйелдердің бірі Роза Бағлановаға атақты жазушы С. Мұқанов айтқан еді.

Роза апамыз Ұлыбританияда өтетін жыл сайынғы «Әлемнің әйгілі әйелдері» атағына ие болған тұңғыш қазақ әйелі.

Бүгінгі кешті халық әртісі жезтаңдай әнші, халық қаһарманы Р. Бағланова рухына арнап, сол кісі шырқаған ән қайта жаңғырмақ.

(Р. Бағланова «Әдемі-ау» бейнебаяны көрсетіледі)

«Айналайын» әні орындалады.

Қазақ елінде Роза Бағланованы білмейтін адам жоқ, есімі жер шарының түкпіріне жайылған әншіні әлемге әйгілі еткен ән өнері. Он саусағынан өнері тамған іскер әжесі, Сыр бойының дүл дүл ақындарының жырларын жатқа айтқан.

Розаның әнге деген ықыласын ерте байқап «Менің қызым әнші болады» деп, мақтап, қанаттандырып қоятын. Әншілік өнері анасы мен әжесінен дарыған екен.

«Сахна мен үшін жан рахаты болатын. Сахнаға шыққан сәтте ең жақын адамымды құшақтап, сүйгендей әсер алатынымын. Өмірімнің соңына дейін осы қасиетті сахнаны сүйіп өтуге және оны ешқандай мансапқа, табысқа

айырбастамауға сөз бергенмін», - деген болатын Р. Тәжібайқызы.

Қашанда сөзін «халқым» деп бастайтын Роза апамыз сұлулықты ерекше сүйетін. Ол кісі елдің бәрінен ерекше болатын. Әсіресе, 1950-60 жылдары ол кісінің даңқы жер жарып тұрды. Қазақстан, Ресей, бүкіл Кеңес Одағына атағы жайылып тарады. Р. Тәжібайқызын Мәскеуде өте жақсы көретін. Көптеген гастрольдік сапарлармен сол жаққа баратын. Ол кісінің киім киісі, кеңпейілділігі, дархандығы, өзін ұстау мәнері, бекзаттығы, сән-салтанаты сол кездің өзінде өте жоғары болатын.

«Асыл арман» әні орындалады.

Бірде соғыс алаңында ән айтып тұрғанда сол маңайға бомба түседі, салдарынан Роза апамыздың екі көзі көрмей қалады.

Дәрігерлер қолдарынан келгенін аяған жоқ, әншінің көзіне алты рет ота жасалды. Бірақ, тек бір көзін емдеу мүмкін болған жоқ. Соғыс жылдарында жауынгерлердің рухын оятып, патриотты әндер айтқаны үшін қайсар қыз бірнеше рет марапатталды. Әйгілі Рокоссовскийдің өз қолынан алған «Ерен ерлігі үшін» деген медаль, кейін маршал Р. Тәжібайқызына «Қазір сіз кіп-кішкентай Розасыз, кейін Кеңес өнерінің үлкен мақтанышына айналасыз», - деген. Р. Бағланова дәл осындай марапатқа ие болған жалғыз

әнші. Қолына қару алып, шайқасқан қайсар ер болды. Роза апамызға Соловьев-седой «Играй, играй гармонь моя» әнін жазған. (Слайд, бейне)

(Соғыс туралы слайд көрсету)

1941-1949 жылдары Ташкент фи-

лармониясындағы мемлекеттік әйелдер ән-би ансамблінде әнші-солистік қызмет атқарады. Сол ансамбльмен Ұлы Отан соғысы жылдары майданда өнер көрсетті. 1945 жылы 9 мамырда Берлин қаласындағы Жеңіске арналған концертке қатысты. Оның орындауындағы «Кестелі орамал», «Ах, Самара, городок» әндері ел арасында ерекше танымал болды. Мәскеу түбінде шайқасқан панфиловшы жауынгерлер алдында концерт қойды. 1947-1949 жылдары. Қазақ Опера және балет театрының, 1949 жылдан қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясының, 1960 жылдан Қазақконцерттің әнші-солисі болып, ұлттық ән өнерін дамытуға өлшеусіз үлес қосты, ерекше сазды мектептің қалыптасуына ықпал жасады. Р. Бағланова кейінгі 50 жыл ғұмырында «Қазақконцерт» шығармашылық бірлестігімен байланысын үзбеді. Алматыдағы Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында, Жамбыл атындағы филармонияда, «Қазақконцерт» мекемесінде еңбек етіп, жарты ғасырдан астам халқын әнге бөледі.

«Кестелі орамал», «Ах, Самара, городок» әндері орындалады.

1946 жылы эстрада артистерінің Бүкілодақтық 2-конкурсының дипломанты, 1949 жылы жастар мен студенттердің Будапеште өткен 2-Халықаралық фестивалінің лауреаты. Сонымен Кеңес сазгерлерінің, Кеңес Одағы халықтарының, әлем халықтарының монғол, чех, швед, венгр, қытай, корей, үнді тілінде әндерін орын-

дады. Австрия, Ауғаныстан, Бельгия, Бирма, Венгрия, Германия, Қытай, Корей, Канада, Үндістанда, Чехословакияда берген концерттерінде қазақ елін паш етті. Ленин орденімен, медальдармен марапатталды. Одан бергі жарты ғасырдан астам уақыт бойы Р. Бағланова қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің, кәсіби өнерінің өркендеп, әлемдік арнаға шығуына үлкен үлес қосты. Р. Бағлановаға арнап сазгерлер — Ә. Есебаев, Б. Байқадамов, Ш. Қалдаяқов, Н. Тілендиев ән жазған.

«Ақ сұңқарым» әні орындалады.

Жер бетінде Роза апамыздың бармаған елі, ән айтпаған сахна аз шығар. Қай елге барса да, сол елдің бір әнін үйреніп қайтатын. Әнші апамыз Чехословакияға барғанда бір қарт адам іздеп, «мынау менің халқымның «Биле-биле» әні деп күй табағын, достығымыздың белгісі болсын, өз еліңе ала бар», деп ұсыныпты. Ертеңіне «Биле-биле» әнін словак тілінде концертте орындап, көрермен халық тік тұрып қошемет білдіріп, сахнадан жібермей қойыпты. (Слайд, бейне)

«Аңсағаным», «Ақмаңдайлым» әндері орындалады.

Жарты ғасырдан астам уақыт бойы Р. Бағланова қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің, кәсіби өнерінің өркендеп, әлемдік аренаға шығуына үлкен үлес қосты. Қырғызстан Халық Республикасының халық әртісі атанды. 2000 жылы халықаралық «Дәнекер» сыйлығымен марапатталды. «Азия дауысында» дипломмен марапатталды. Қазақстан Республикасының аты

аңызға айналған әншісі атандырып, қолына ақ бота жетектетті. 2007 жылы Р. Бағланованың 85 жыл мерей тойы туған Қазалы жерінде кең көлемде аталып өтілді. (Слайд).

Роза апамыздың аты англо-американдық дүние жүзі әйелдерінің «Кто есть кто?» энциклопедиясына енгізді. «Айналайын халқымнан еркелеткен» деп аталатын ғұмырнамалық кітабы шықты. «Елімнің бір еркесі мен боламын» деген халқының алақанында ғұмыр өткізген, әншінің тағы бір әнін тыңдайық. Еліміз тәуелсіздік алғанда елімен бірге қуанғанда алғашқы рет орындаған әні екен. (Слайд)

«Елімнің бір еркесі мен боламын» әні орындалады.

«Мен қайда жүрсем де, қазақтың әнін ғана емес, қазақ қыздары ки-

ген ұлттық киімі мен салт-дәстүрін де өзіммен бірге өмір бойы серік еттім», - деген екен Роза апамыз.

Жүрегімізде оның даусы қалды, үлкен мұрасы қалды.

Бүгінде Әйтеке би кентінде әйгілі әншінің атымен аталатын аудандық мәдинет үйі, көше бар. Туған халқын алпыс жылдан астам уақыт әнімен тербеген ақмандай әншіміздің жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

«Іңкәрім-ай» әні орындалады.

Гүлнәр РЫСМАХАН,
Аудандық балалар әуез
мектебінің оқытушысы.
Әйтеке би кенті,
Қазалы ауданы,
Қызылорда облысы.

Әлем таныған Абай

Мақсаты:

- Абай шығармашылығын жас ұрпақтың «жүрегіне терең бойлатып», Абайдың жұмбақ әлемінің тылсым сырларына үңілту;

- «Сөз патшасы — өлең» құдіретінің асыл сөз маржандарын бойларына сіңірту, ой-қиялдарын поэзия әлеміне енгізу;

- Ғұлама Абай мұрасын, нақыл сөздерін, философиялық ой-толғауларын насихаттау

1-жүргізуші: Армысыздар, қадірменді ұстаздар, әдебиет сүйер

қауым, білім нәріне құмар оқушылар!

2-жүргізуші: Қазақ халқының ұлы ақыны, әдеби тілінің негізін салушы, аудармашы, сазгер, дана, дара тұлға А. Құнанбаевтың шығармашылығына арналған «Әлем таныған Абай» атты әдеби кешке қош келдіңіздер! Эпиграф: «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай біздің ұлттық ұранымыз болуға тиіс».

Слайд: Абайдың балалық және жастық шағы.

Абайдың аналары (көрініс).

1-жүргізуші: Ақын шығармалары — оның қазақ әдебиеті тарихында ерекше орны бар классик ақын екендігін дәлелдейді.

М. Әуезов Абайды «Қазақтың классик әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі» деп атауы да жайдан жай емес.

2-жүргізуші: 80-жылдардың орта кезінен бастап Абай ақындық жолға біржола бет бұрады. Бұл кездегі өлендері — толысқан ой-сананың жемісі.

Абай Құнанбаевтың сөзіне жазылған ән: «Есінде бар ма, жас күнім»

1-жүргізуші: Абай — озық мәдениетті насихаттаумен қатар, әлеуметтік-а-

заматтық санасы өскен, халықтың үлкен қайраткері.

2-жүргізуші: Абайдың жас ұрпаққа айтар ақылы да, уағызы да аз болмаған. Ол халық тәжірибесін танытқан шындықты айта отырып, жастарды адамгершілік жолға, адал достыққа үгіттейді.

Музыкалық номер: Абайдың «Көзімнің қарасы» әні.

1-жүргізуші: Абай өзінің поэзиясымен қазақтың көркем әдебиетін өлшеусіз биікке көтерді, әдеби тілді дамытып, қалыптастыруда аса үлкен еңбек сіңірді.

«Көркем сөздің асылы — поэзия» деп жоғары бағалай отырып, ақын мен ақындықтың мұрат-мақсаты жайлы жаңа көзқарасын білдіреді.

2-жүргізуші: Абай — сазгер. Оның өз әнімен тараған 30-дан астам әні бар, 3 күйі бар. Бүгінгі таңда нотаға түскен, орындалып жүрген классикалық туындылар.

1-жүргізуші: Табиғат лирикасы — Абайдың дүниежүзілік озық поэзиядан алған бір үлгісі.

Ақын неғұрлым данышпан болса, соғұрлым табиғатпен терең араласып, оны құшағына тұтас қамтып алады. Табиғатты адаммен, ортамен бағынша байланыстыра көрсетеді.

1-оқушы: Абай — данышпан, Абай — кемеңгер. Ол орыс әдебиеті классиктерінің,



Европаның бірталай ақындары мен ғалымдарының, ежелгі заман даналарының туындыларымен танысады. Солар арқылы әдеби білімін, дүниетанымын кеңейте түседі.

2-оқушы: Абай — әдебиеттегі шебер аударма жасаудың үлгісін көрсетті. 70-80 шақты аудармалары өзге тілден дәл, нақ аударылған.

Слайд: Ұлылар үндестігі.

- А.С. Пушкин және Абай. «Евгений Онегиннен» 8 өлең аударған, көбі — Онегин мен Татьяна хаттары.

- М.Ю. Лермонтов пен Абай.

- Крылов және Абай.

«Татьянаның хаты» өлеңі.

«Есек пен бұлбұл» (көрініс)

3-оқушы: Абайдың поэмалары: «Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі».

Бұл поэмалары қазақ өмірінің шындығын суреттеуге құрылмаған. Шығыстық оқиғалар сарынында жазылған. Идеясы — ұстаздық, тәрбиелік ой-мақсаттарға бейімдеп, көпке үлгі көрсету.

Абай орыстың және татардың халық әндерін жақсы білген. Немістің ұлы ақыны Гетенің «Горные вершины» атты өлеңін М. Лермонтов орыс тіліне аударды, орыс композиторы А. Рубинштейн ән жазды. Бұл өлеңнің сөзі мен әуені Абай жүрегін баурағаны сонша, ақын оны қазақ тіліне аударып, «Қараңғы түнде тау қалғып» атты ән шығарған.

Әндері: «Сегіз аяқ», «Бойы бұлған», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Жарқ ет-пес қара көңілім не қылса да».

«Сегіз аяқ» әні орындалады.

4-оқушы: Абайға дейін қазақ әдебиетінде болмаған үлгі — ол Абайдың қара

сөздері. Абай қара сөздерін түгелдей дәстүрлі шешендік сөз үлгісіне құрайды. Қара сөздері тақырып жағынан алғанда ақынның өлеңдерімен астасып жатады.

24-сөзі — күншілдік; 25-сөзі — құлшылдық; 26-сөзі — надандық; 27-сөзі — өсиет; 28-сөзі — парыз; 29-сөзі сақтық туралы әңгімелейді. Адал еңбек ету, егін салу, саудамен айналысу, өнер үйрену, білім-ғылымды игеру, қоғамдағы әр түрлі топтардың қылып жүрген харекеті, мінез-құлқы, адамгершілік, имандылық секілді бірталай мәселерді қара сөзінде кеңінен толғайды, үлкен көрегенділікпен көптеген құнды пікірлер түйеді. Абайды қара сөздеріне қатысты жазушы десек те қателеспейміз.

37, 36-қара сөздерінен үзінділер оқылады.

5-оқушы:

Парасатты болып туған,
Шыңғыстаудың Абайы.
Ән мен жырын мұра қылған,
Сарыарқаның Абайы.
Нақылымен сана құйған,
Қазағымның Абайы.
Ақылымен дана болған,
Бүкіл әлем Абайы!

6-оқушы: Құрметті, әдебиет сүйер қауым! Абайдың шығармашылығына арналған тағылымды кеш соңына жетті. Поэзия әлемінде келесі кездескенше қош, сау болыңыздар!

Гүлсара Есенбекқызы КЕНЖЕБЕК,
№11 жалпы білім беретін мектептің
қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі.
Түркісіб ауданы,
Алматы қаласы.

Күй – шежіре, күй – дастан



**Мейрамкүл
БАЙДАУЛЕТОВА,
Балалар әуез
мектебінің домбыра
сыныбының мұғалімі.
Әйтеке би кенті,
Қазалы ауданы,
Қызылорда облысы.**

- Армысыздар қадірменді ұстаздар мен оқушылар! Бүгінгі лекция концертімізге қош келдіңіздер!

Домбыра, мұнша шешен болдың неге?

Күй толған көкірегің шежіре ме?

Сыр толғап ғасырлардан жөнеле-сің,

Саусағым тиіп кетсе ішегіңе.

Сахара аймақтарының тарихи, мәдени және жағрафиялық ерекшелігіне, аспапта орындалу техникасына байланысты, қазақтың домбырашылық, күйшілік өнерінде жеті түрлі орындаушылық дәстүр қалыптасты.

Бұл дәстүрлі мектептер Шығыс, Арқа, Қаратау, Жетісу, Сыр бойы, Маңғыстау, Батыс өңірі күйшілік мектептері деп аталады.

Біз дәстүрлі күйшілік мектептердің ретін Шығыс өңірі күйшілік дәстүрінен бастауды жөн көріп отырмыз.

1. Шығыс өңірінің күйшілік дәстүрі аймақтық жағынан кең ауқымды қамтиды. Өйткені Шығыс Қазақстан (Семей, Шыңғыстау, Шұбар-

тау, Аягөз, Тарбағатай), Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесі, сонымен қатар, Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы қазақтарының күй мұралары осы дәстүрге жатады. Бұл өңірдегі, негізінен, архаикалық үлгідегі аңыз-күйлерден тұратын күйшілік, домбырашылық өнердің тамыры тереңнен бастау алады. Әсіресе, теріс бұрауда (квинта) тартылатын «Шыңырау», «Таукүдірет», «Ақсақ марал», «Ақсақ қыз», «Ақсақ аю», «Бұлғын-сусар», «Балжыңгер», «Сұрмерген» сияқты күйлер – аңыз-әңгімелерімен астасып жатқан көне жәдігерлер. Шығыс Қазақстан домбыра күйлерінің «Сары өзен», «Беласар», «Қорамжан», «Ащы күй» сынды тағы бір бөлігі – қазақ пен қалмақ шапқыншылығы дәуірінен көрініс беретін тарихи шығармалар. Ал «Салкүрең», «Телқоңыр», т.б. халық күйлері – өте ерте замандардан жеткен туындылар.

Шығыс күйшілік дәстүріндегі ең ірі тұлға – қазақ күй өнерінің, оның ішінде шертпе күй саласының дамып, көркеюіне көп үлес қосқан Байжігіт күйші. Байжігіт күйлерінің тақырыбы әр алуан. Оның «Көкбалақ», «Қайың сауған», «Шанды жорық» сияқты күйлерінен жаугершілік заманның елесі көрініс берсе, «Ерке атан» күйі мұнды тарихымен есте қалады. Байжігіт күйлерін жаздырып, насихаттап жүрген бүгінгі

орындаушысы — домбырашы Таласбек Әсемқұлов.

Енді ортаға Байжігіттің «Көксерке» күйімен 2-сынып оқушысы Өтеген Әйгерімді шақырамыз.

2. Жетісу күйшілік дәстүрі. Бұл өңірдің де аспаптық музыкасы қаншалықты қызықты, әрі стильге бай болғанмен, осы күнге дейін түбегейлі зерттеу нысанынан тыс қалып келеді. Еліміздің Жетісу өлкесінде ертедегі аңыз күйлермен қатар авторлары ұмыт болып, ел арасында сақталып қалған халық күйлері молынан кездеседі. Мысалы: «Аққу», «Аққудың зары», «Жеті атан — ерке атан», «Мұңлық — Зарлық», «Жетім қыз», «Жетім бала», «Жиренше шешен», «Тепеңкөк», «Шұбар киік», «Ақсақ қыз» сияқты көне күйлер ерте дәуірлерден сыр шертеді. Тамырын тереңнен тартатын Жетісу күйшілік өнерінде, бертін келе, үлкен екі мектептің қалыптасқандығын байқаймыз. Бұл мектептер дәулескер күйші-композиторлар — Байсерке Құлышұлы және Қожеке Назарұлы есімдерімен тығыз байланысты.

Байсерке күйшінің көп мұрасынан, өкінішке қарай, кезінде жинақталып, жазылып алынбағандықтан, көз жазып қалып отырмыз. Осы бір ұлан-ғайыр күйшілік мектептің жұқанасындай болып жинаққа Байсеркенің «Ұран күй», «Толқытатын күй» деп аталатын туындылары ғана енді.

Байсеркенің күйі «Ұран күй» орындалады.

3. Сыр өңірінің күйшілік дәстүрі. Қазақтың күйшілік өнерінің айрық-

ша салаларының бірі — Сыр бойында қалыптасқан. Сарыны бөлек, тартысы ерекше, Сыр бойының күйлерінде ұлттық саз өнерінің інжу-маржаны түзілген. Бастауы әріден келе жатқан бұл күйшілік дәстүрдің бүгінгі ұрпаққа жеткен үлгілерінде мазмұндық тереңдік, орындаушылық шеберлік, рухани даралық, көркемдік құндылықтар айқын байқалады. Бұл күйшілік дәстүр көрнекті күйшілер Үсентөре, Шал Мырза, Жалдыбай Елеукеұлы және Қазанғаптар өнерімен даму кезеңін өткізіп, Әлшекей, Құрақтың Досжаны, Жаңаберген, Теңізбай, Нартай, Көнек тағы басқа өнер саңлақтары арқылы қазіргі ұрпаққа жетіп отыр. Бұлардың ішінде өз алдына жеке күй орындаушылық мектебін қалыптастырған Қазанғаптың күйшілік тәлімі де Сыр бойының үрдістерінен бастау алғаны анық. Сыр өңірінде өмір сүрген күйші-композиторлардың ішінде үш дәулескер күйшінің есімін атауға болады. Олар: Мырза Токтаболатұлы, Әлшекей Бекпенбетұлы, Досжан Құрақұлы. Сыр бойы күйшілік дәстүріндегі көрнекті тұлғалардың бірі Мырза Токтаболатұлының ғұмыр кешкен, музыкалық мұрасының молынан сақталған жері — Қызылорда облысының Қазалы өңірі. Бүгінгі күні Мырза күйшінің «Асанқайғы», «Бұғының күйі», «Баулы ешкі», «Алпыс екі Ақжелеңнің бауыр шешпесі», «Ташауыз» сияқты бітімі, құрылымы бөлек, композициялық жағынан оқшау тұрған жиырмадан астам күйлері белгілі болып отыр. Мырза

күйлерінің басты ерекшелігі, көбінесе, транспозициялық формада құрылған. Күйдің өзі шағын 3 бөлімді шығарма іспеттес. Бұны «Жемнің ағыс күйі», «Ташауыз», «Бұғының күйі», т.б. күйлерден байқауға болады. Осындай құрылымдағы күйлер, көбіне, сағасыз болып келеді. Яғни, батыс күйлеріндегідей кіші, үлкен сағаларда үстіңгі ішектегі стереотип тартылмайды. Осы әдіс Сыр бойы күйлерінің көбіне тән. Мырза күйлерін, сонымен қатар, Сыр бойында сақталған халық күйлерін, Құрманай Төремұрат, Жалдыбай күйшілер мұрасын шашау шығармай, ерекше нақышпен орындап, насихаттаушы — қазалылық дүлдүл домбырашы Нәби Жәлімбетов.

Қазанғаптың күйі «Торы жорға аттың бөгелек қағуы» орындалады.

4. Арқа күйшілік дәстүрі. Қазақстанның шығыс, солтүстік, орталық аймақтарын алып жатқан байтақ өңірдің атымен аталатын Арқа күйшілік мектебінің ең көрнекті тұлғасы — Тәттімбет Қазанғапұлы. Шертпе күй саласында екі ішекті алма-кезек даралап қағу, бір ішекті бойлай шерту әдістерін көбірек қолданып, бұл тарапта жаңашыл бағыт, оқшау мектеп қалыптастырған Тәттімбет күйлерін терең ойға, философиялық толғамға толы шертпе күйлердің үздік үлгісі деуге болады. Небәрі 45 жас қана ғұмырында өшпестей мұра қалдырған, қазақтың күй өнерін жаңа саз, соны өрнектермен байытып, түрлі тақырыпты қамтитын 40-тан аса күй шығарған Тәттімбет-

тің философиялық ой-толғамдарға құрылған «Қосбасар» (9 нұсқасы), «Сарыжайлау», «Көкейкесті», «Бес төре» (I, II түрі), махаббат сырын шерткен «Сылқылдақ», «Көш жанаған», «Балбырауын», тарихи оқиғаларға арналған «Айдос», «Алшағыр», «Азамат қожа», «Бозайғыр», т.б. күйлерін үйреніп, кейінгіге жалғастырған — өз інісі Жақсымбет, балалары Мұсатай, Исатай болған.

Тәттімбет күйлерінің басым көпшілігі белгілі күйші, домбырашы Әбікен Хасенов арқылы жетті. Ұлы күйші мұрасын Аққыз Ахметова, Әпике Әбенова, Жақсылық Омашев, Уәли Бекенов, Мағауия Хамзин сияқты саңлақ өнерпаздар да кеңінен насихаттады.

Ұлттық музыка өнеріндегі Тәттімбет бастаған жаңа дәстүрді оған ілесе шыққан Тоқа, Әбди, Сембек, Қыздарбек сынды күйшілердің өзінше жалғастыруы да — заңды құбылыс.

Сахнаға Тәттімбеттің күйі «Қосбасар IV» нұсқасын орындауға облыстық, Республикалық байқаулардың жүлдегері Кежденбек Перизатты шақырамыз.

5. Қаратау күйшілік дәстүрі. Қаратау күйшілік мектебіндегі негізгі тұлға — Сүгір Әлиұлы. Шертпе күй шебері, қазақтың аспаптық өнерінде өшпес із қалдырған Сүгір өзіне дейінгі Тәттімбет Тоқа, күйлерін жете меңгере отырып, түр, мазмұн, көркемдік жағынан байытып, дамыта түсті. Әйгілі қобызшы Ықылас Дүкенұлын өзіне ұстаз тұтқан Сүгірдің қобыз сазын домбыра күйімен

қабыстыра білуі үлкен жаңашылдық болды, қобыздағы мұңды әуеннің Сүгір күйлерінде домбырамен астауы күйшілік дәстүрге өзгеше рен берді. Ол өмір сүрген өңір — қарт Қаратау, көне Отырар, қасиетті Түркістан аймағы — тоғыз жолдың торабы, түрлі мәдениеттің тоғысқан жері. Сондықтан қазақ музыкасындағы озық жетістіктерді бойына жинаған Сүгір шығармаларында Арқа, Жетісу, Алтай-Тарбағатай, Батыс әуен-саздарының кездесуі кездейсоқ құбылыс емес. Оның күйлері мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекше. «Шалқыма», «Ілме», «Бес жорға» (5 тараудан тұрады), «Қаратау шертпесі», «Жолаушының жолды қоңыры» (2 тарау), т.б. туындыларының қай-қайсысын алсақ та, кемеліне келген көркемдік, мүлтіксіз жаңашылдығымен, соны сипатымен оқшау тұрады.

Сүгірдің күйі «Қаратау шертпесі» орындалады.

6. Батыс Қазақстан күйшілік дәстүрі. Қазақтың күйшілік өнері өркен жайып, ерекше дамыған өлкелердің бірі — Батыс Қазақстан аймағы. Батыс күйшілік дәстүрінің көрнекті өкілдері Махамбет, Боғда, Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Мәмен, Түркеш туындыларын қазақ өнерінің ғана емес, бүкіл түркі әлемі музыкасының жетістігі деп айтуға болады. Батыс күйшілік мектебінің қайнар көзінде күйші, әрі жырау, батыр бабамыз Махамбет тұр.

Махамбеттің «Жұмыр қылыш» күйі орындалады.

XVIII-XIX ғасырларда Бөкей ордасында аса күшті домбырашылық мектеп қалыптасты. Екі үлкен бағытта дамыған Бөкей күйшілік дәстүрі Құрманғазы, Дәулеткерей есімдерімен тығыз байланысты. Батыс Қазақстан күйшілік дәстүрінің ең көрнекті тұлғасы, күй атасы атанған Құрманғазы Сағырбайұлы — әлемдік өредегі алып композитор. Құрманғазының аса күрделі шығармашылығы дыбыстық бояуларының қанықтығымен, алапат тегеурін, ырғақтық иірімдерінің алуандығымен ерекшеленеді.

Құрманғазының күйшілік тұлғасын, жан дүниесін толық танытатын, қуатты оттай бұрқыраған «Сарыарқа», «Төремұрат», «Кішкентай», «Серпер», «Терісқақпай», «Балбырауын» сияқты күйлерінің әрқайсысы — қайталанбас, кесек туындылар. Құрманғазының күйшілік дарыны сан қырлы. Оның «Адай», «Төремұрат», «Терісқақпай», «Серпер» сияқты күйлерінен асқақ батырлық рух сезілсе, «Қайран шешем», «Аман бол, шешем, аман бол», «Айда, бұл-бұл Айжан-ай», «Балқаймақ» сынды туындылары ой-толғам, сырлы сезім толғаныстарына құрылған.

Құрманғазының күйі «Терісқақпай» орындалады.

Құрманғазы қалыптастырған күйшілік мектептің аса дарынды өкілі Дина Нұрпейісова — XIX ғасыр мен XX ғасыр дәстүрін біріктірген, сондай-ақ, Құрманғазы мектебінің жігерлі екпінін, Дәулеткерей дәстүрінің фәлсәфасын, ақсүйектік нәзік-

тігін терең меңгерген күйші. Оның шығармашылығында Құрманғазы дәстүрінде басталған жанрлық және тақырыптық жаңашылдықтар жалғасын тапты.

Динаның күйі «Бұлбұл» орындалады.

Батыс күйшілік дәстүріндегі тағы да бір айтулы тұлға Дәулеткерей Шығайұлы — қазақ халқының күйшілік өнеріндегі айрықша тұлғалардың бірі. Қазақ күйлерінің бір парасының тартылу мәнеріне және әуендік құрылымына байланысты ел арасында «төре күйлері», «төре тартыс», «төре қағыс» деген ұғым қалыптасқан. Оқшау дәстүр — төре тартысқа жататын күйлер лирикалық әуезділігімен ерекшеленеді, психологиялық терең сезімге құрылып, адамның жан дүниесіне терең бойлайды. Бұл қағыстың тағы бір ерекшелігі, ауқымы, шеңбері қысқа алынғандықтан, биязы, жұмсақ болып келеді. Батыс өңірінде «қара қағыс» немесе «тен-тек қағыс» деп аталған Құрманғазы дәстүріне мүлде ұқсамайтын өзгеше, оқшау мектеп, дара дәстүр қалыптастырып, әуендік тұрғыда сазды, сұлу күйлер қалдырған Дәулеткерейді А. Жұбанов: «Төре күйлерінің атасы», - дейді.

Дәулеткерейдің «Қыз Ақжелең», «Құдаша», «Ысқырма» «Керілме», «Ақбала қыз», «Бұлбұл», «Көркем

ханым» күйлері лирикалық әуені басым, сырлы сезімге толы болып келсе, «Топан», «Салық өлген», «Охота», «Шолтақ», «Жігер» қатарлы туындылары терең ойға, философиялық толғанысқа құрылған.

Дәулеткерейдің күйі «Көркем ханым» орындалады.

7. Маңғыстау күйшілік мектебі.

Маңғыстау өңірінде күйшілік өнер ерекше дамып, өзіндік өрнегімен ерекшеленеді. Ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан күй өнері Абыл, Есбай, Есір, Құлшар, Өскенбай, Қартбай, Байшағыр, Шамғұл, Мұрат сияқты біртуар есімдер арқылы өз жалғасын тауып, рухани қазына ретінде сақталып келеді. Бұл өңірдің күйлері жалпы төкпе дәстүріне жатқанымен, өзіндік нақышты, ерекше сазды, қайталанбас орындау мәнерімен өз алдына жеке тұрған, күйшілік өнердің өзгеше арналарының бірі. Ел арасында Маңғыстау күйлерін «Адай» күйлері деп те атайды.

Маңғыстауға аты шыққан күйші-сазгерлердің бірі — Құлшар. Құлшар өз жанынан 20-дан астам күй шығарған. Құлшардың тыңдаушыларға аса сүйікті, елге кең тараған күйлері, оның кемпір және қызбен күй тартысында туған «Қыз қамаған», «Кербез керік», «Ат жортақ», «Сық-сақ», «Кебіс қалған» күйлері.

Құлшардың күйі «Кербез керік» орындалады.



Көптен күткен Наурыз тойы – арайлы

Мақсаты: «Наурыз» мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, балаларды елін, Отанын сүйуге, ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу; имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.

(Мейрам өтетін жер салт-дәстүрге байланысты жабдықталады. Балалар, ата-аналар, мұғалімдер ұлттық киімдерімен келеді. Залда әсем әуен ойнап тұрады).

Екі жігіт ортаға шығады.

1-жүргізуші: Осы Аққайтым ауылында наурыз тойы болғалы жатыр дейді. Қазағымыздың жаңа жылын бүкіл ауыл болып тойлауға үлесімізді қосайық.

2-жүргізуші: О, бәрекелді, Наурыз тойын жақсылап тойлайық. Осы тойға көрші ауылдан да қыз-жігіттер келе жатыр екен, дұрыстап қарсы алайық.

«Молдабай» әні орындалады.

1-жүргізуші:

«Сәлем» – сөздің атасы демекші,
Ассалаумағалейкум қаптаған ел,
Жүйрігінің жалындысын баптады ел.

Бүгін міне думанды мерей той болады деп,

Асқазанын сары майдай сақтаған ел.

2-жүргізуші:

Армысың, тойға келген үлкенің де жасың да,

Ашық болсын жайылған дастархан да.

Шежірелі сөздердің шекесінен
Сәлем бердім төрдегі, қонақтарыма.

1-жүргізуші:

Құрметті қонақтар, армысыздар!
Бәріңіз де есен-сау бармысыздар?
Шілдехана, бесік той, тұсау кесер,
Сүндет той, туған күн тойлап, той жасау – ата-дәстүр салтымыз,

Жаксылықты тілейміз тойға келген жалпымыз.

Думанды тойын жасап дүбірлетіп,
Салт-дәстүрді ежелден қастерлеген халқымыз.

2-жүргізуші:

Наурыз келді ал тойландар жарандар,

Келген мына мерекеге қараңдар.

Шашу шашып ақ жаулықты әжелер,
Тойда бүгін ойнап күліп тараңдар.

Тойла бүгін, тауларым мен боз далам,

Тойла бүгін, қарттарым мен бозбалам,

Қайта оралған намысымдай наурызым,

Жаңа жыл боп қош келіпсің наурызым, - дей отырып, құттықтау сөзін мектебіміздің директорына береміз.

1-жүргізуші: Жер әлемді жайнатып, әнші құстар сайратып, наурыз тойын тойлатып, Ұлыстың ұлы күні келді ағайын. Той құтты болсын! Ақ мол бол-

сын! Армысыздар, құрметті қонақтар.
Сөз кезегі өздеріңізде.

2-жүргізуші:

Ауыл бар ма ақсақалсыз, ағасыз?
Оның айтқан сөзіне әрбір нанасыз.
Сөз берейік қарияға төрдегі,
Тағылымынан зор ғибрат табасыз.
(Үлкен кісі батасын береді)

1-жүргізуші:

Қазақпыз — қыз өсірген інкәр қылып,

Қазақпыз — ұл өсірген шырқап жүріп.

Қазақпыз — құс та салып, ат жаратқан,

Сайысқа түскен және тұлпар мініп.

«Ой жайлау» әні хормен орындалады.

2-жүргізуші:

Уа, ағайын! «Наурызым — бабамның сөзі,

Наурызым — анамның сөзі,

Ғасырдан ғасырға жеткен

Даламның сөзі».

Ұлыс күндеріңіз құтты болсын!

Келе жатыр жылымыз,

Мейрамдаймыз мұны біз.

Халқы сүйген мейрамды

Қарсы алайық Наурызды!

Наурызым, құт әкелсін елімізге

Береке, ырыс кірсін жерімізге.

«Ұлуды» қуанышпен шығарып сап,

Бақыт боп «Жылан» кірсін елімізге!

Жаңа жыл елімізді жарылқасын

Қиналып әр отбасы тарықпасын

Ата-әже келгенде қуанғандай,

Немерелері қуаныштан арытпасын.

1-жүргізуші:

Қош келдің, жылан жылы,

Еліме бақыт жылы, құт жылы.

Бейбіт жылы боп кір әр үйге,

Бүгінгі ән-думан арналады өзіңе.

«Қамажай» биімен мың бұралған қыздарымызды ортаға шақырамыз.

2-жүргізуші: Бүгінгі Ұлыстың ұлы күні — ата-баба сөзімен айтқанда, ақ түйенің қарны жарылған күн. Наурыз мейрамы — бұл көктем мен еңбектің мерекесі, күн мен түн теңесетін күн. Бұл мейрам 22 наурыздан 19 сәуірге дейін тойланатын ұзақ мейрам. Көктем мен Жаңа күн мерекесі.

Күлімде, Наурыз, күлімде!

Күн менен түн теңеледі бұл күнде.

Күн мен Түнді шақырайық ортаға

Қуанышың сыйласың бүкіл елге!

1-жүргізуші:

Наурыз тойын жұп жазбай,

Қошеметпен қарсы алайық.

Досқа құшақ ашайық,

Өлең жырға басайық.

Қазақтың бір салты деп,

Тойға шашу шашайық.

«Қазақ» биін қарсы алыңыздар!

2-жүргізуші:

Қара қазан — қасиетті халқымның,

Бір өзінде құдіреті салтымның.

Бірлік сенен басталады әрқашан,

Құны ешқашан төмендемес нарқыңның.

Ауылдың алты ауызын 5-сынып оқушылары жалғастырса...

«Құтты болсын, Әз Наурыз!» әні орындалады.

1-жүргізуші:

Келіндер, Наурыз тойға бәрің бүгін,

Аямай өнерпаздар ән мен жырын.

Тойлайық халық тойын Наурызымның,

Шуағын жерге төккен бақыт күнін.

«Әз Наурыз» әні орындалады.

2-жүргізуші:

Қанекей, қарсы алайық жылдың ба-
сын,

Қосылып жасқа жасың, басқа ба-
сың.

Барайық келер жылға төрт көз түгел,
Аман боп алыс, жақын, кәрі-жасың,
- деп *«Бастаңғы» дәстүрін тамашала-
йық.*

1-жүргізуші:

Арпа өсіп, адал емген ақ уызың,
Қалдырған ғасырларға нәрлі ізін.
Көк бөрілі байрағын желбіретіп,
Көк түріктер тойлаған Наурызым!

2-жүргізуші:

Ассалаумағалейкум, уа халқым,
Айналдым келбетіңнен сенің жар-
қын.

Ел болып халық болып қастерлейік,
Ертеден бізге жеткен ата салтын.

*«Қазақтың жігіттері» биін тама-
шалау.*

1-жүргізуші:

Ата салтын бабамның,
Алып келді ұлыс күн.
Бір анадан туғандай,
Бір ұядан ұшқандай.
Бір аспанның астында,
Бір дастархан басында.
Береке-бірлік болсын!

2-жүргізуші:

Наурыз құтты болсын!
Дендеріміз сау, мықты болсын!
Наурыз тойы келе берсін!
Барлық халық бақытты болсын,
Қош, сау болыңыздар, халайық!
Көріскенше күн жарық болсын!

Роза Нажмадиновна БЕШЕНОВА,
Жанақоныс жалпы орта білім беретін
мектебінің
ұйымдастырушы педагогы.
Аққайтым ауылы,
Шалқар ауданы,
Ақтөбе облысы.

Армысың, Әз Наурыз!

Мақсаты: оқушыларға қазақ хал-
қының ұлы мерекесі Наурыз мейрамы
жөнінде түсінік бере отырып, халқы-
мыздың салт-дәстүрін бойларына да-
рыту арқылы, шынайылыққа, адам-
гершілікке, ұлтжандылыққа тәрбие-
леу.

Мазмұны: бүкіл тіршілік аталуы-
ның түрленіп, жаңаруы паш етіледі.
Мейрамның ең қадірлі дәмдері мен

қасиетті салт-дәстүрлері мен ұлттық
ойындары кеңінен насихатталады.

Көрнекілігі: қазақтың киіз үйі, киіз
үй жабдықтары, ұлттық тағамдары,
ұлттық ойын құралдары: арқан, асық.

Түрі: мерекелік сазды әдеби-музы-
калық кеш.

I. Сахна оқушылардың көрінісімен
ашылады.

II. Ортаға ақ жаулықты аналар шы-

ғып жиналған қауымға шашу шашады, Наурыз тойын тамашалауға шақырады.

III. «Армысың, Әз Наурыз» тойы мерекесінің жүру бағдарламасы:

1) Қыдыр ата мен Жер ананы қарсы алу, бата сұрау;

2) Қазақтың салт-дәстүрлері мен ырым-тыйымдары туралы түсінік беру, көрініс көрсету;

3) Халық әндері мен билерін тамашалау;

4) Ұлттық ойындардан көрініс (асық ату, арқан тартыс) наурыз көже ішуден сайыстар;

5) «Достығымыз жарасқан» ұлттық билерден сайыс.

(Әр ұлт өкілдерінің киімін киген боз-бала мен бойжеткендер билейді)



1-жүргізуші:

Қош келіпсің, Наурыз!
Арман тойы халықтың,
Қуанышы халықтың.
Құтты болсын қадамың!
Сені тойлап қарсы алып,
Бар әлемге жар салып,
Сәлем бердік біз сізге!

2-жүргізуші:

Наурыз келсе құт келгені, халайық,
Есік ашып, шашу шашып, ел болып
қарсы алайық!

(Ортаға екі ата-ана шығып, оқушы-

ларға шашу шашады. Күмбірлеген күй ойналады)

1-ана:

Қашанда Құт-Береке орнасын деп,
Тойларда шашу шашу – салты елім-
нің.

Уа, халайық, теріп ал мәмпәсиді,

Қабыл қылсын халқымның ақ ті-
леуін.

2-ана:

Шашу! Шашу! Көп шашайық ша-
шуды,

Жауғандай кеп аспаннан нөсер жаң-
быр.

Уа, жамағат, жинап ал несібенді,

Ризығың болсын көл-көсір!

1-жүргізуші: «Береке басынан бас-
талады» демекші, «жыл басы жақсы
басталса, аяғы да жақсы болады» деген

қағиданы берік тұтынған халық
бүкіл ыдыс атаулыны дәнге,
аққа, таза суға толтырып бетін
ашық қалдырған. Бұл 21 Нау-
рыз күнгі таң алдында орын-
далады екен. Бұның мәні: дала
аралаған Қыдыр Ата келіп «қы-
дыр, құт дарытып» кетеді дейді
екен. Олай болса, бүгінгі біздің

Наурыз мерекемізге Қыдыр Ата келе
жатыр дейді.

2-жүргізуші: Иә, дұрыс айтасың,
күрбым! Жақсылық тек жақсылыққа
жалғаса берсін. (Бұрылып қарап) Оу,
бізге қонақ келе жатқан сияқты. Қо-
шметпен қарсы алайық, қанекей!

Қыдыр атаның батасы:

Ұлыстың ұлы күнінде,

Ұлың оңға қонсын.

Қызың қырға қонсын,

Қыруар малың өріске толсын.



Елдеріңнің іргесі берік болсын,
Жасқа құрмет, кәріге күтім болсын.
Сөздерің серттей берік болсын,
Еккендерің өнімді болсын.
Өмірлерің көңілді болсын,
Төрт түлік төлді болсын.
Баққандарың шөлді болсын,
Ақ көп болсын.
Уайым-қайғы жоқ болсын,
Сапарларың оң болсын,
Әумин!

(Сахнаға Жер ана шығады. Жер ана қолында жағылған шырағы бар, қасында бір топ балаларды ертіп, залда отырған балаларды айнала аластау рәсімін жасайды)

(Осы кезде күй ойналып, әр дастархан басына наурыз көже қойылып, балалар мен көрермендерге ұсынылады)

1-жүргізуші:

Ерітіп қарын даланың,
Жинатып гүлін саланың.
Жетелеп жұмсақ самалын,
Келді Наурыз — жыл басы.
Күлімдеп қарап күміс күн,
Аспаның бүркіп пүліш түн.
Ұлы күні Ұлыстың,
Келді Наурыз — жыл басы!

2-жүргізуші: Біздер күні бұрын оқу-

шыларға үй тапсырмасын берген болатынбыз, яғни салт-дәстүрге кезек берелік. Шыр етіп сәби дүниеге келді. Азан шақырылып ат қоюға ауылға үлкендер жиналыпты, ендеше 6 «б» сыныбының «сәбиге ат қою» салт-дәстүрін тамашалайық.

1-жүргізуші: Міне, өздерің куә болғандай сәбиге ат қойылды, енді баланы бесікке салмақшы екен. Олай болса, 7 «б» сынып оқушыларын ортаға «Бесікке салу» дәстүрімен шақырамын. Бесікке салуды қалай орындар екен?

(**Ұлттық ойын:** Арқан тартыс. 5-сынып оқушылары арасында)

2-жүргізуші: Сәби 1 жасқа толды. Ол бала қалт-қалт етіп аяғын басқысы келеді, қаз-қаз тұрады. Оның ата-анасы ауылдың үлкен кісілерін, көршілерін шақырып, сәбидің тұсауын кескісі кеп жүр. Тұсауын кесетін адамға да сый сияпатын дайындап қойыпты, ендеше келесі 5 «б» сынып оқушыларының «Тұсау кесу» дәстүрімен ортаға шақырамын.

1-жүргізуші: Енді, оқушыларымыз бен ата-аналарымыз қазақтың дәстүрлерін қаншалықты білетінін тексерейік.

1) Тыштырма — сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен құрт, ірімшік, тәттілер өткізіп «тышты ма, тышты ма» деп ырым жасайды және оны «тыштырма» деп атайды. Тыштырманы әйелдер ырым етіп бөлісіп, бала-шағаларына үлестіріп береді.

2) Базарлық — алыс сапарға шыққан адамдардың жақындарына (жерлес,

көрші-көлем, жас балалар, сыйлас адамдарына) әкелген сыйлығы.

3) Байғазы — балалардың, жастардың жаңа киімі үшін берілетін ақшалай, заттай сый.

4) Тілашар — баласы 7 жасқа толған соң балаға жаңа киім кигізіп, оқу жабдықтарын дайындап, шағын той өткізеді. Мұны «тілашар» тойы деп атайды.

2-жүргізуші: Ұл бала ер жетті, есейді. Оның достары да көбейді. Бір күні көрші ауылдың қыз-жігіттері оны «бастанғыға» шақырды. Ендеше, 6 «а» сынып оқушылары «бастанғы» деп аталатын салт-дәстүрді жаңғыртпақшы. Қошеметпен, тамашалайық!

1-жүргізуші: Наурыз айынан бастап, яғни жыл келгелі ауыл адамдары алыс-жақынды аралап көрісу қазақ даласында жыл келгенше созылған. Осы күндері әрбір отбасының дастарханынан көжесі, дәмі үзілмеген, есігі ашық, қабағы жайдарлы болған.



2-жүргізуші: Ал, құрметті қонақтар!

Айналайын, балалар!

Жеп-ішсін деп, тамсанып,

Жеті түрлі дәм салып,

Наурыз көже пісірдім.

Тойға қазан түсірдім!

Құйдым алтын табаққа,

Құлшынындар тамаққа.

Көжеге жас-кәріңді,

Шақырамын бәріңді.

«Наурыз көже ішу» сайысы. Ұлдар



арасынан наурыз көже ішуден сайысымызды басталық. Қане аулымыздың жігіттері қайда екен? *(Ортаға әр сыныптан 6 оқушы шығады)*

«Достығымыз жарасқан» ұлттық биден сайыс. *(Әр сыныптан бірнеше оқушы шығып, әр ұлттың биін билеп сынға түседі)*

2-жүргізуші: Бозбала ақыл тоқтатып алғаш рет үлкен сапарға аттанбақшы, ата-анасы ағайын-туманы жинап «балам аман-есен оралсын» деп, ер тоқымы жерде қалмасын деп «тоқымқағар» атты асты ауыл аймаққа береді.

Ендігі кезекте 5 «а» сыныбының кө-

рінісінде «Тоқымқағар» салтын жаңғыртпақшы. Тамашалайық!

Жаңа жыл құтты болсын!

Ақ мол болсын!

Қайда барса жол болсын.

Ұлыс бақты болсын!

Төрт-түлік ақты болсын!

Бөле-жала жерге енсін!

Ұлыс береке берсін!

Жұрт аман-есен болсын!

Гүлназ ӘЖІБАЕВА,
«Бейнеу лицейі» ММ директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Бейнеу ауданы,
Маңғыстау облысы.

Ұрпақтар ұмытпайтын – Ұлы Жеңіс!

Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу. Ұлы Отан соғысы жылдарында еңбек еткен аналардың тұлғасын, асыл бейнесін ашу, кейінгі ұрпаққа үлгі өнеге ету.

Балаларды Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой-өрісін дамыту. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу.

ҚР Әнұраны орындалады.

1-жүргізуші: Қайырлы күн! Құрметті қонақтар, қадірлі ұстаздар мен оқушылар!

Бүгінгі мерекелік шара Ұлы Отан соғысында құрбан болған аталарымыз бен әкелеріміздің, мәңгі жас болып, жадымызда сақталған жауынгерлермен офицерлер рухына, бейбіт кезеңде дүниеден өткен ардагерлерге, бүгінде ортамызда жүрген Ұлы Отан соғысы ардагерлер құрметіне арналады.

Сіздерді өшпес ерлік пен өлшеусіз даңқты халқымыздың шексіз қаһармандығымен мұқалмас қажыр-қайратының мерекесі – Ұлы Жеңістің 77 жылдығымен құттықтаймыз. Қайсарлық пен қаһармандық, Отанға деген сүйіспеншілік аса қатыгез сұрапыл соғыста жеңіске жол ашты.

2-жүргізуші: Содан бері 77 бейбіт жыл артта қалды. 1945 жылы 8 мамырда Берлинде фашистік Германия же-

ңілгенін мойындап, қол қойды. Ал, 9 мамыр күні бұрын-соңды болмаған 1000 зеңбіректен 30 дүркін салют атылды. Міне, Жеңіс күні осылай келген еді. Жеңіс күні 9 мамыр – бүкіл дүниежүзі бойынша үлкен мейрам. Әсіресе, бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен көтеріп, Отан үшін от кешіп, соғыстың қанға бөккен даласында қайсарлықпен шайқасқан, Жеңістің туын желбіреткен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін ерекше мейрам.

1-жүргізуші: Иә, миллиондаған адамның өмірін жалмаған, әрі мерейін үстем еткен соғыс халық санасынан ұмтылған жоқ. Сол сұм соғысты көзімен көрген, көкірегімен түйіндеген ардагер ата, әжелеріміз азайып қалды. Еліміз бойынша санаулы ардагерлеріміз ғана бар. Солардың құрметіне арналған кешімізге қош келдіңіздер

2-жүргізуші: Ұлы Отан соғысы қарсаңында Республикамызда 7 мамыр – Отан қорғаушылар мерекесі еліміздің өмірінде алатын орны өзгеше. Осынау айтулы мерекенің қай кезде де орны бөлек. Ата-бабаларымыздың батырлық істеріне құрмет білдіру күні. Осыған орай Қазақстан Республикасының және де мектебіміздің батыл, ержүрек, намысты, қайсар ер азаматтарын айтулы мерекелерімен құттықтай отырып сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат тілейміз. Мерекемен құттықтау үшін мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы Балымбет Жарасқан Беркінбайұлына сөз береміз.

1-жүргізуші:

Аз емес зар жылаған, егілген жан,
Аз емес өшкен өмір, төгілген қан.
Кеудеге зілді қасірет салды соғыс.
Қирады талай арман көңілге алған
Ұлы Отан соғысына қатысқан:
Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова,
Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин,
Талғат Бигелдинов т.б.
және де өз жерлестеріміз де бар. Ол
кісілерге құрметпен бас иеміз. Ал осы
бейбіт өмірге жете алмаған, ерлікпен
қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың
рухына бас иіп, еске алайық. Жеңіс туын
желбіретуде қан кешіп, кеудесін оққа тосқан
боздақтарымызды бір сәт үнсіздікпен еске алайық.

(1 минут үнсіздік)

2-жүргізуші:

Ашу менен кек оятты ел намысын,
Отан үшін жан пида болды үлкен сын.

Ер азамат жауменен арпалысса,
Әйелдер терін төкті майдан үшін
Аналар қоштасқанда асылымен,
Арулар қош айтысты ғашығымен
Балалықтың базарын ерте жауып,
Талай жұмыс істеді бала өркен.
Үдетіп соғыс оты қайғы мұңды,
Төрт жыл өтті, соғыс әлі бітпей қойды,

Кемпір шал, әйел бала ауылдағы,
Сеніммен күтуші еді Жеңіс тойды.

«Әлия» әні орындалады.

1-жүргізуші: Соғыс... Сұрапыл соғыс қанша үйдің адамын ұрлады, қанша үйде оттар сөнді, қанша аналар ұрыс даласынан келген қаралы қағазға сенбей ұлдарын күтумен өмірден өтті, қаншама арулар жесір қалып, сәбилер

жетімдіктің зарын тартты. Бұл жылдары жүрегі Отаным деп соққан әр азамат барынша күресе білді. Әрбір азамат өз Отанына деген антын орындап шықты.

Жігіт жастан қан майданға кеттің бе?
Сағындырдың көз ілдірмей көп түнде.
Зарықтырған Жеңіс туым — Жауынгер.

Байтақ елге аман-есен жеттің бе?

«Поппури» биі орындалады.

2-жүргізуші:

Жеңіс деген өтеуі жас ғұмырдың,
Жеңіс деген бейбіт күнім, бүгінім.
Жеңіс тойын жақындатып әкелген
Төккен қаны, әке-аға, інінің.
Жеңіс деген шат күлкісі баланың,
Тыныштығы жер мен жаһан даланың.

Жеңіс деген сылдыр күлкі, асқақ ән,
Тыныштығың сол Жеңістен басталған.

«Жеңіс күні» әні орындалады.

1-жүргізуші: Қазақстандықтар Брест камалын қорғады, Мәскеу түбінде де өлімге бастарын тікті. Сталинград, Курск доғасындағы шайқастарда ерекше көзге түсті. Берлинге шабуыл жасады, Рейхстагқа қазақ жігіті Рақымжан Қошқарбаев Жеңіс туын 1945 жылдың 30 сәуірде тікті.

«Бейбіт күн тілегі» әні орындалады.

2-жүргізуші:

Талай жанды қиды ажал балтасы.
Жауды жеңіп қайтты ауылға қаншасы.

Біздің мына бейбіт өмір алаңсыз.
Ел қорғаған батырлардың арқасы.
Жер жүзінде нұр шашып жеңіс күні,
Жақсы үміттің шырағы жанды міне!

Аспан бетін қаптаған қара тұман,
Серпіліп зұлымдықпен сөнді түні.
«Тәуелсіз қазақтың қызымын» әні орындалады.

1-жүргізуші:

Жаңғыртып әнмен аспан кеңістігін,
Халқымыз қуанышты тегіс бүгін.
Жауды жаншып, Отанды азат еткен,
Құрметтеп қарсы алады Жеңіс күнін,
- деп ақын жырлағандай, біз үшін
Жеңіс күнінен асқан қымбат мереке жоқ.

«Тәуелсіз елдің ұланы» әні орындалады.

2-жүргізуші:

Жеңіс деген жақсылықтың сыңары,
Жігерленген құштарлықтың құралы.

Күрескердің арманы мен ұраны,

Қуаныш пен мерекенің бұлағы.

Батыр ұл есімдері ақталады,

Жыр болып жүректерде сақталады.

Ғасырдан ғасырларға аңыз етіп,

Ұрпағы мәңгі-бақи мақтанады.

«Жеңіс күні» әні орындалады.

1-жүргізуші: Ешкімде, ешнәрсе де ұмытылмақ емес. Бұл сөз өткенге емес, болашаққа арналған. Ұлы Жеңістің 77 жылдығына арналған салтанатты жиынымыз аяқталды. Ардагерлерге мың тағзым! Жеңістің туы мәңгі желбіресін! Жер үстінің шуағы таркамасын! Жеңіс тойы мәңгі жасасын! Мерекелік бейбіт күнде кездескенше аман-сау болыңыздар!

Дамира Жетесовна ДАНАБЕКОВА,
Жаңақоныс жалпы орта білім
беретін мектебінің аға тәлімгері.
Шалқар ауданы,
Ақтөбе облысы.

«Үздік оқырман» сайысы

Мақсаты: Ұлттық сана-сезімі жоғары, рухани ойлауы терең, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор ұрпақты кітап оқу арқылы тәрбиелеу. Кітапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге баулу.

Көрнекілігі: «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» атты көрме, оқырман формулярлары, нақыл сөздер.

Кітапханашы: Қайырлы күн, құрметті білім алушылар! Халқымыз өнермен білімді қастерлеген. Бүгінгі таңда адамзат алдында тұрған басты мақсат – білімді ұрпақ тәрбиелеу. Ал ұрпақ білімді қайдан алады? Әрине, кітаптан. Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге», - деп Абай Құнанбаев атамыз айтпақшы, адам баласы үшін кітап – тілсіз тәрбиеші. Кітап адам баласына бала кезінен бастап, өмірінің соңына дейін сырлас досы бола алады. Олай болса, қымбатты оқырмандар! Бүгін барлық топ білім алушыларының қатысуымен «Үздік оқырман» сайысын өткізгелі отырмыз. Сайысымыздың атынан белгілі болып тұрғандай, қай білім алушы кітапханамен жақсы қарым-қатынас жасайды, кім көп кітап оқығанын, кітап оқу арқылы кімнің білімі мен білігі артық екенін анықтаймыз. Ендеше әр топтан іріктеліп алынған білімді де, талантты сайысымызға қатысушыларды таныстырайық: *Сайысқа қатысушылар таныстырылады.*

Кітапханашы: Сайыс 4 бөлімнен тұрады, 5 ұпайлық жүйемен бағаланады. Сонымен бірге оқырманның кітапханаға жыл бойында келгені және қанша кітап оқығаны да есепке алынады.

I бөлім «Қазақ елінің ұлы ғұламаларын танысыз ба?

II бөлім. «Өлең – сөздің патшасы».

III бөлім. «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың азығы».

IV бөлім. «Білім көзі кітапта».

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» деген сөз бар, ендеше, «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарды анықтау үшін, әділ баға беріп, төрелігін айтатын әділқазылар алқасымен таныс болыңыздар:

1. Колледж кітапханашысы: Ибраева Ардақ Қадыржанқызы.

2. Тәрбиеші: Ибраимжанова Салтанат Әблешқызы.

3. Жастар үйінің меңгерушісі: Қусаинова Ғалия Қазтайқызы.

Кітапханашы: I бөлім. «Қазақ елінің ұлы ғұламаларын танысыз ба?

Сайыста озып шығар жүйріктері, Әрқайсысы бақтарынан көрер енді. Қанекей, оқырмандар сайысқа шық,

Таң қалдыр біліміңмен көрерменді деп, кітап атты рухани доспен сырласып жүрген оқырмандарымызды ортаға шақырамыз. Бұл сайыстың шарты бойынша: Сайыскерлерге «Қазақ елінің ұлы ғұламаларының суреттері көрсетіледі. Соны табу керек.

Кітапханашы: II бөлім. «Өлең — сөздің патшасы».

Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Сайыскерлер еркін тақырыпта кез келген өлеңді мәнерлеп жатқа айтып жарысады.

III бөлім. «Мақал — сөздің азығы, Жұмбақ — ойдың азығы».

Сайыскерлер білім, кітап туралы мақал-мәтелдер айтып жарысады. Әр қатысушыға 2 мақал-мәтелдің басы айтылады, қатысушы мақалды жалғастырады және жұмбақтарды шешеді.

IV бөлім. «Білім көзі кітапта».

Кітап — білім бұлағы,
Кітапхана — сол кітаптар тұрағы.
Көп үйреніп, көп оқыған баланың,
Анық тағы білімпаз боп шығары.

Конверттегі сұрақтарға жауап беру. Бұл бөлімде әр қатысушыға сұрақтар қойылады. Сұраққа тез және дәл жауап бергендер есептеледі. Әр дұрыс жауапқа бір ұпай беріледі, неше дұрыс жауап болса, сонша ұпай жиналады.

Қойылатын сұрақтар:

1. Қазақ халқының бес арысын ата? (Ш. Құдайбердиев, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов)

2. Қазақтың аты аңызға айналған батыры кім? (Бауыржан Момышұлы)

3. ... хана жұрнағына аяқталатын 4 түбір сөз ойлап айтыңдар. (Кітапхана, асхана, емхана, шеберхана)

4. Қазақтың үш биін ата. (Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би)

5. 1975 жылы Алматыда шыққан

«Азия» кітабының авторы кім? (О. Сүлейменов)

6. Қазақ даласында алғаш мектеп ашқан, қазақтың ұлы ағартушысы кім? (Ыбырай Алтынсарин)

7. Ежелгі сақтардың ел билеген атақты әйел патшаларының бірі? (Томирис)

8. Қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесің? Атап бер. (Тоғызқұмалақ, қыз қуу, көкпар, теңге алу, т.б.)

9. Қазақтың үш бәйтерегі (Ілияс, Сәкен, Бейімбет)

10. «Гауһар тас» романының авторы кім? (Дулат Исабеков)

11. Қазақ халқын дүние жүзіне танытқан шығарма (М. Әуезовтың «Абай жолы»)

12. Аттары бірдей қандай жазушыларды білесің? (Мұқтар Әуезов, Мұқтар Мағауин, Ілияс Жансүгіров, Ілияс Есенберлин, С. Мұқанов, С. Дөнентаев)

13. «Менің атым — Қожа» кітабының авторы. (Б. Соқпақбаев)

14. 1912 жылы қазақ әліппесін жасаған, алғаш оқу құралын жазған кім? (Ахмет Байтұрсынов)

15. 23 сәуір қандай мереке? (Халықаралық кітап күні)

16. «Ақ білек» романының авторы кім? (Жүсіпбек Аймауытов)

17. «Шұғаның белгісі» әңгімесінің авторы кім? (Бейімбет Майлин)

18. Тұңғыш қазақ ғарышкері кім? (Т. Әубәкіров)

19. «Көшпенділер» трилогиясының авторы кім? (Ілияс Есенберлин)

20. Кітапханада оқырман туралы мәліметті, оның қандай кітап алғынын қайдан білеміз? (Оқырман формуляры)

Кітапханашы: «Ат бәйгесі білінбес, бәйгеге түспей, жарыспай» дегендей «Топтың үздік оқырманы» байқауы өз мәресіне жетті. Байқау нәтижесін анықтау үшін сөз кезегін әділқазылар алқасына береміз. Сайыста өзінің оқыған кітаптары жайында жақсы әңгіме айтып, тапқакты мәнерлеп оқыған, сұрақтарға дұрыс жауап беру

жағынан көзге түсіп, ең көп ұпай жинаған оқырман үздік деп танылып, марапатталады.

Ардак Кадыржановна ИБРАЕВА,
Жетісу құрылыс-техникалық
колледжінің кітапхана меңгерушісі.
Талдықорған қаласы,
Жетісу облысы.

Қызықты география

Мақсаты: қоршаған орта табиғатын аялауға, ұжымшылдыққа және бір-бірін сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу.

Сабактың көрнекіліктері: дүние жүзінің саяси картасы, атлас, интерактивті тақта, Power Point презентациясы.

Түрі: сайыс.

Барысы:

I. Сәлемдесу, сайыс тақырыбы, мақсаты;

II. Ұйымдастыру:

1.1 Қатысатын оқушыларды таныстыру;

1.2. Әділ қазылар алқасын сайлау;

1.3 Сайыстың кезеңдерімен және шарттарымен таныстыру;

III. Қорытынды;

IV. Марапаттау.

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, оқушылар және бүгінгі сайыстың қатысушылары! Біздің «Қызықты география» атты кешке қош келдіңіздер! Кешімізді бастамас бұрын осы география ғылымы туралы айтып өтейік.

География ғылым ретінде ежелгі Грекияда туған. Біздің заманымыздан бұрын өмір сүрген грек ғалымы Эратосфен өзінің Жерді сипаттауға арналған еңбегін «география» деп атаған және ұзақ уақыт бойы география жаңа жерлерді ашып сипаттаумен ғана айналысатын ғылым деп есептелініп келді. XIX ғ. басында бүкіл Жер шарында ашылмаған жер қалмаған екен. Осыған орай географияның міндеттері де өзгерді. Ендігі жерде ол Жер бетіндегі денелер мен құбылыстардың таралуын сипаттап қана қоймай, олардың себебін түсіндіретін ғылымға айналды. Сондықтан қазіргі жарысқа түскен оқушылар әлем ғажайыптарын ашып қана қоймай, Жер шарындағы материктер туралы білімін көрсетеді.

Бүгінгі сайысқа 8, 9, 10-сынып оқушылары қатысады, яғни әрбір сыныптан өз сынып беделін, сыныптың намысын қорғауға 4 оқушыдан топ болып шығады. Сонымен, бізде 6 топ қатысады.

Сайысты бағалайтын және сын беретін әділ қазылар құрамымен таныстыру.

Жүргізуші:

Білім деген биік шың,

Бақытқа сені жеткізер.

Білімді деген ақылшың,

Қиындықтан өткізер, - деп сайысымыздың шарттарымен таныстырып өтейін. Сайысымыз 6 кезеңнен тұрады:

Кезеңдері:

1. Таныстыру (топ аты, ұраны, төс белгісі);

2. Қызықты сұрақтар;

3. «Өнерлі өрге жүзер» — үй тапсырмасы (Табиғат туралы сурет салу оны қорғау, панно, табиғат туралы өлең шығару немесе ақын жазушылардың табиғат туралы өлеңін мәнерлеп оқу, ұлттық би).

4. «Картограф» картадан берілген координата арқылы объектіні табу;

5. «Әлем ғажайыптары» — слайдта берілген әлемдегі танымал жерді анықтау;

6. «Қоржын» — қоржын ішіндегі географиялық құралдарды анықтау, сипаттау.

I тур: Сайысымыздың бірінші кезеңі «Таныстыруға» кезек берейік. (Топтар өздерін таныстырады).

II тур. «Қызықты сұрақтар».

Мұнда әр топқа 5 сұрақтан беріледі. Әр дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады. Сайысқа қатысатын топтар кезек кезек жауап береді. Егер жауабы жоқ болса, келесі топ мүшелері жауап беруге мүмкіндік алады.

1-топқа:

1. Әлемдегі ең үлкен түбек — Арабия (3 млн км²)

2. Әлемдегі ең ірі және тұңғыш ашылған ұлттық парк — (Йеллоустоун, АҚШ)

3. Әлемдегі ең биік сарқырама — Анхель (1054 м.) оңт. Америка

4. Құрлықтағы ең жылдам жануар — Қабылан (100 км/сағ.)

5. Әлемдегі теңіз деңгейінен ең төмен орналасқан нүктесі — Өлі теңіз.

2-топқа:

1. Әлемдегі ең тұзды теңіз — Қызыл теңіз;

2. Әлемдегі ең үлкен және ең терең каньон — Колорадо;

3. Әлемдегі ең биік сүтқоректі — Керік (6 м);

4. Әлемдегі ең құрғақ жер — Атакама шөлі (жылына 1 тамшы жаңбыр жаумайды);

5. Әлемдегі ең ескі тау — Орал таулары (ұзындығы 2,5 мың км).

3-топқа:

1. Әлемдегі ең ұзын өзен — Ніл өзені (6671 м);

2. Әлемдегі жерінің аумағы жағынан ең үлкен ел — Ресей;

3. Әлемдегі ең ірі дүние бөлігі — Азия (44 млн км²);

4. Әлемдегі ең ірі тұқым — Кокос пальмасы (20 кг);

5. Әлемдегі ең ұзын тау — Анд (9000 км).

4-топқа:

1. Әлемдегі ең үлкен көл — Каспий (390 мың км²);

2. Әлемдегі ең аласа материк — Аустралия (биіктігі 215 м);

3. Әлемдегі ең ұзын бұғаз — Мозамбик (1670 км);

4. Әлемдегі ең биік ағаш — Секвойя (100 м);



5. Әлемдегі ең биік тау — Гималай (Джомолунгма, 8848 м).

5-топқа:

1. Әлемдегі ең ұзын тұщы көл — Танганьика (1470 м);

2. Әлемдегі ең ұзын ел — Чили (4300 км);

3. Әлемдегі ең суық жер — Антарктида (83° С);

4. Құрлықтағы ең ірі жануар — Африка пілі (7,5 тонна);

5. Әлемдегі ең суық қуатты ағыс — Батыс желдер ағысы.

6-топқа:

1. Әлемдегі ең ірі мұхит — Тынық мұхиты (179 млн км²);

2. Әлемдегі ең суы мол өзен — Амазонка (6400 км);

3. Жер шарындағы ең жоғарғы температура қайда тіркелеген? (Африкада — Триполиде тіркелген, +58°С);

4. Әлемдегі ең ірі жылан — Анаконда (200 кг);

5. Әлемдегі ең ірі ойпат — Амазонка.

III тур. «Өнерлі өрге жүзер» — үй тапсырмасы (Табиғат туралы сурет салу оны қорғау, панно, табиғат туралы өлең шығару немесе ақын жазушылардың табиғат туралы өлеңін мәнерлеп оқу, ұлттық би).

IV тур. «Картограф» — картадан берілген координата арқылы объектіні табу.

1. 38° с.е. 77° б.б. — АҚШ, Вашингтон;

2. 16° о.е. 47° б.б. — Бразилия, Бразилиа;

3. 39° с.е. 32° ш.б. — Түркия, Анкара;

4. 47° с.е. 106° ш.б. — Монғолия, Улан-Батор;

5. 51° с.е. 71° ш.б. — Қазақстан, Астана;

6. 34° о.е. 58° б.б. — Аргентина, Буэнос-Айрес.

V тур. «Әлем ғажайыптары» — слайдта берілген әлемдегі танымал жерді анықтау.

1. **«Эйфель» мұнарасы** — Париж Париждің ең танымал сәулеттік туындысы. Өзінің әйгілі құрастырушысы Густав Эйфельдің атымен аталған.

2. **«Бостандық» мүсіні** — Нью-Йорк. Солтүстік Америкадағы ағылшын иелігіндегі жерлердің азаттық күресіндегі Франциямен болған одақтастыққа ескерткіші ретінде Францияның АҚШ-қа тартқан сыйлығы.

3. **Тәж-Махал кесенесі** — Үндістан. Үндістандағы ең әйгілі ғимарат және ЮНЕСКО әлемдік мұра нысаны. Делиден 204 шақырым жерде орналасқан. Әлемге танымал бұл монумент Агранның жанындағы Жанума өзенінің жағалауында орналасқан. Тәж Махал кесенесін Ақсақ Темірдің ұрпағы Жақан шах қайтыс болған тоқалы Мұмтаз Махалға арнап салдырған.

4. **Ұлы Қытай Қорғаны** — Қытай. Қытайдағы ежелгі қорғаныс құрылысы.

5. **«Семирамида»** — Вавилон. Вавилонның патша сарайындағы алып құрылыс. Әлемнің жеті кереметінің бірі. Бұл сәулет туындысы ежелгі дәуірде билік жүргізген патша Навуходоносор II-нің бұйрығымен өзі тұратын сәулетті сарайдың кең ауласында тұрғызылған. Тарихи деректерге қарағанда, Навуходоносор б.з.б. 605-562 жылдар аралығында патшалық етіп, Вавилон

империясын құрып, кейін Вавилон қаласының атағын шығарған.

6. Александрия шамшырағы — Египет, Фарос аралында. Александрия шамшырағы өзінің негізгі міндеті — теңізшілерге жол көрсетуден басқа, бекініс қызметін де атқарған.

VI тур. «Қоржын» — қоржын ішіндегі географиялық құралдарды анықтау, сипаттау.

1. Анеройд-барометр — ауаның қысымын өшейтін құрал;

2. Сейсмограф — жер қозғалысын, сілкіну аймақтарын таспаға түсіретін құрал;

3. Флюгер — желдің бағытын өлшейтін құрал;

4. Жауын-шашын өлшеуіш — жауынның мөлшерін анықтайды;

5. Теллурий — Күн, Жер, Айдың қозғалысының моделі;

6. Шаш гигрометр — ауадағы ылғалдылықты анықтайды.

III. Қорытынды бөлім.

Жүргізуші:

Ғылымның сырын ұғына,

Шығындар білімнің шыңына.

Дарындылық пен тапқырлық,

Жеткізеді сіздерді,

География сырына, - дей отырып,
сөз кезегін әділ қазылар алқасына береміз!

Сайыстың қорытындысын шығару;

Әділ қазыларға сөз беру.

**IV. Сайысқа қатысушы топтарды ма-
рапаттау.**

Гүлфайруз Куанышевна

СУИНДИКОВА,

**№32 жалпы білім беретін
мектептің география пәні мұғалімі.**

Түркісіб ауданы,

Алматы қаласы.

Ең үздік жас физик

Мақсаттары:

Білімділік: оқушылардың физика пәні бойынша алған білімдерін тексеру; қайталау және пысықтау.

Дамытушылық: оқушылардың есте сақтау қабілеттерін, ойлау жылдамдықтарын, іс-әрекет жылдамдықтарын, зейін және ойлау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: оқушыларға топпен жұмыс істеуді, бір-бірінің пікірін тыңдай білуді, оны сыйлауды үйретуді жалғастыру және пәнге деген қызығушылықтарын арттыру.

Ойынға қатысушылар: ойынға 8-сынып оқушыларынан 8 оқушы қатысады.

Көрнекілігі: үлестірмелі материалдар, интерактивті тақта, т.б.

Жүргізушілер: Армысыздар, ағайын!

Ағайын тілін табайын.

Есенбісіз, ұстаздар,

Шаршамайтын қыс-жазда.

Көрермендер аман ба,

Бәріңізге бір сәлем!

- Бүгінгі 8-сынып арасында өткелі жатқан «Ең үздік жас физик» зияткер-

лік ойынына қош келдіңіздер! Бүгінгі ойынымыздың жоспарымен танысындар:

I. «Жылдам жауап бер»;

II. «Физикалық терминдерді білесіздер ме?»;

III. «Формулалар әлемінде»;

IV. «Физикалық жұмбақ»;

V. «Көрермендер ойыны»;

VI. «Көкпар».

Алдымен ойыншының білімін дұрыс бағалау үшін әділ қазы алқасын сайлап алайық.

Шын жүйрік шабысынан танылады,
Қатты білім, терең ой саналады.

Баға берер әділқазы ортамызда,
Сіздерге құрметпен қол соғылады.

Әр ойыншы өзін таныстыру.

I тур. «Жылдам жауап бер».

1. «Физика» деген сөз грек сөзі «фюзис» нені білдіреді? (Табиғат)

2. «Физика» сөзі ең бірінші рет қай ұлы ойшыл ғалымның еңбектерінде пайда болды? (Аристотель)

3. «Физика» сөзін орыс тілінде енгізген ғалым? (М. Ломоносов)

4. Күн жүйесінде неше планета бар? (8)

5. Күштің әрекеті тоқтағаннан кейін дене пішіні мен көлемін өзгертетін деформация қалай аталады? (Пластикалық)

6. ХБЖ жылдамдықтың өлшем бірлігі? (м/с)

7. Жылдамдық қандай әріппен белгіленеді? (V)

8. Дене деформацияға түскен кезде әсер ететін күш? (Серпінділік күш)

9. 1 тоннада қанша килограмм бар? (1000 кг)

10. Күшті қандай әріппен белгілейді? (F)

11. Тығыздықтың өлшем бірлігі? (кг/м³)

12. Күшті өлшейтін прибор қалай аталады? (Динамометр)

13. Деформация дегеніміз не? (Дененің пішінін немесе көлемін өзгертуі)

14. Дененің массасы қандай әріппен белгіленеді? (m)

15. Жылдамдық қандай прибормен өлшенеді? (Спидометр)

16. Қысымның өлшем бірлігі? (Па)

17. Уақыт қандай әріппен белгіленеді? (t)

18. Дененің массасын өлшейтін құрал? (Таразы)

19. Уақытты өлшейтін құрал? (Сағат)

20. Күштің өлшем бірлігі? (Н)

21. Дене тең уақыт аралығында ұзындығы бірдей жол жүрсе, ондай қозғалыс қалай аталады? (Бірқалыпты қозғалыс)

22. Заттың неше күйі бар? (Үш: қатты, сұйық, газ)

23. Дененің температурасын өлшейтін құрал? (Термометр)

24. Деформацияның қандай түрлері бар? (пластикалық және серпінді)

25. Қысым қандай әріппен белгіленеді? (P)

26. Көлемді өлшейтін құрал? (Мензурка)

27. Ең қарапайым құрал? (Сызғыш)

28. Аспан денелерін зерттейтін құрал? (Телескоп)

29. Еркін түсу үдеуінің сан мәні? (9,8 м/с)

30. Үйкелістің неше түрі бар? (Үш: домалау, сырғанау, тыныштық)

31. Температура дегеніміз не? (Дененің жылулық күйін сипаттайтын шама)

32. Балқу деген не? (Дененің қатты күйден сұйық күйге өту процесі)

1-турдан кейін ұнайы аз ойыншы ойыннан шығып, 7 ойыншы қалады.

II тур: «Физикалық терминдерді білесіңдер ме?»

Бұл турда физикалық терминдер туралы сұрақтар қойылады. Оқушылар терминдер қандай мағынаны білдіретінін айтады.

1. Физика грек тілінен аударғанда қандай мағынаны білдіреді? («Фюзис» – табиғат)

2. «Астрономия» сөзін грек тілінен аударғанда қандай мағынаны білдіреді? («Астрон» – жұлдыз, ал «номос» – заң)

3. «Атом» грек тілінен аударғанда қандай мағынаны білдіреді? («Атомос» – бөлінбейтін)

4. «Диффузия» латын тілінен аударғанда қандай мағынаны білдіреді? (Жайылу, таралу)

5. «Зодиак шоқжұлдыздары» грек тілінен аударғанда қандай мағынаны білдіреді? («Зодиакос куклос» – жан-жануарлар дөңгелегі)

6. «Деформация» латынша қандай мағынаны білдіреді? (Өзгеру)

7. «Динамометр» грек тілінен аударғанда қандай мағынаны білдіреді? («Динамис» – күш және «метрео» – өлшеймін)

Осы турдан кейін дұрыс жауабы аз ойыншы шығады. 6 ойыншы қалады.

III тур. «Формулалар әлемі».

Ойыншыларға карточкалар үлестіріледі. Ойыншылар карточкаларда берілген формуладан көрсетілген шаманы табулары керек. Әр ойыншыға үш формуладан беріледі.

$$P = \frac{F}{S} \quad F=? \quad (F=P \cdot S)$$

$$F_a = mg \quad g=? \quad (g = \frac{F}{m})$$

$$\frac{F_1}{F_2} = \frac{S_2}{S_1} \quad S_1=? \quad (S_1 = \frac{F_2 S_2}{F_1})$$

$$\rho = \frac{m}{V} \quad V=? \quad (V = \frac{m}{\rho})$$

$$\frac{m_1}{m_2} = \frac{g_2}{g_1} \quad m_2=? \quad (m_2 = \frac{m_1 g_1}{g_2})$$

$$F = \mu N \quad \mu=? \quad (\mu = \frac{F_{\text{үйк}}}{N})$$

$$F_{\text{сепн}} = kx \quad k=? \quad (k = \frac{F}{x})$$

$$g_{\text{опт}} = \frac{S}{t} \quad S=? \quad (S = g_{\text{опт}} \cdot t)$$

$$P=mg \quad m=? \quad (m = \frac{P}{g})$$

Осы турдан кейін дұрыс жауабы аз ойыншы шығады. 5 ойыншы қалады.

IV тур. «Физикалық жұмбақ». Қалған бес ойыншыға екі жұмбақтан беріледі.

1-жұмбақ:

Жердің жүзін шарлайсың,

Онсыз еш жерге бармайсың.

Көлікпен де, жаяу да,

Саралайсың, таңдайсың. (Жол)

2-жұмбақ:

Көп болса, асықпайсың,
Мезеттен қашықтайсың.

Асықсаң аз болады,
Табасың мұны қайсың? (*Уақыт*)

3-жұмбақ:

Қозғалыста сипаттар шапшаңдық-
ты,

Тағы да бір белгісіз шама шықты.
Ол болмаса денелер қозғалмайды,
Шешеді бұл жұмбақты қандай мық-
ты? (*Жылдамдық*)

4-жұмбақ:

Қозғалысқа келтіріп,
Жылдамдығын береді.
Өлшемдерін қарасаң,
Ньютонға ол келеді. (*Күш*)

5-жұмбақ:

Өзі затты құрайды,
Теңесуге таразыны сұрайды. (*Мас-
са*)

6-жұмбақ:

Аса қажет өмірге халық үшін,
Пайдаланар күн сайын жарық үшін.
(*Шам*)

7-жұмбақ:

Барлық денелерге тән,
Онсыз болмайды мән.
Әр затта болады әр түрлі,
Өлшеуге болады дәл. (*Масса*)

8-жұмбақ:

Жоқ өзінде бас та, қас та, мойын да
Ұзындығы жазулы тұр бойында.
(*Сызғыш*)

9-жұмбақ:

Көтерілсе жоғары,
Ерітер мұхит мұздарды.
Төмен түссе шамалы,
Сездірер суық ызғарды. (*Темпера-
тура*)

10-жұмбақ:

Жай көзге көрінбейді,
Қозғалуға ерінбейді. (*Молекула*)
Ұпай сандары тең болып жатқан
ойыншыларға:

Бірдей көлемдегі масса кейде көп,
Аз болса да кейде дөп.
Делінеді бұл шама,
Аталуын тапшы тек. (*Тығыздық*)
Ұнай саны аз екі ойыншы ойыннан
шығады.

V тур. «Көрермендермен ойын»

Өз еркімен 3 ойыншы шығады. Тақ-
тада «Динамометр» сөзі берілген. 1 ми-
нут ішінде осы әріптерді пайдаланып,
өмірде нақты бар заттарды жазу керек.
Берілген уақыт өткеннен кейін жазған
сөздерін кезекпен оқиды.

ДИНАМОМЕТР

VI тур. «Көкпар». Ойыншылар беріл-
ген есептің шешімін есептеп шығарула-
ры керек.

1-есеп: велосипедші бірқалыпты
қозғалып, 30 мин ішінде 9 км жол жүр-
ген. Велосипедшінің жылдамдығын
есептеңдер. (5 м/с)

2-есеп: жүктің массасы 10 кг. Оған
қандай ауырлық күші әрекет етеді?
(100 Н)

3-есеп: 10 м² ауданға 50 Н күш әрекет
етеді. Қысымды анықтаңдар. (5 Па)

Қорытынды. Жеңімпаз анықталып,
оған «Ең үздік жас физик» атағы бері-
леді. Ойынға қатысқан оқушыларға
сыйлықтар таратылады.

Кемелғазы Мәуішұлы ҚАСЕНОВ,
№5 орта мектептің физика
пәні мұғалімі.
Жаңадәуір ауылы,
Іле ауданы,
Алматы облысы.

Қазақ әдебиетіндегі қайталанбас дара тұлға

2025 жылы «Бір ел — бір кітап» республикалық акциясында ұлтымыздың көрнекті жазушысы Тәкен Әлімқұловтың шығармалары таңдалынып алынған болатын. Ал, қазіргі қазақ әдебиетінде нағыз өнерпаздық өрістен табылар санаулы суреткер болса, соның бірі — Тәкен Әлімқұлов. Оған күмән келтіруге болмайды. Осы орайда Михаил Ломоносов атындағы қалалық орталық кітапханада «Қазақ әдебиетіндегі қайталанбас дара тұлға» портрет кеші өтті. Қаламы қарымды қаламгердің шығармашылығын насихаттау мақсатында «Тәкен — ұлы суреткер» кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалды. Шараға кітапхананың тұрақты оқырмандары қатысып, Тәкен Әлімқұловтың «Шымкентім», «Футбол», «Өлең», «Шымылдық», «Халық» өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Тәкен Әлімқұловтың өмірі ту-

Қазақта қастерлейді Теріскейді,
Маң өлке Теріскейсіз келіспейді.
Самалы Сарыарқаның сәлеміндей,
Бетінді белден ассаң жел иіскейді.
Қаратау хан жайлаған қазыналы,
Таусылмас тұнған тарих жазылады.
Ер Тәкен де тарихтың бір бетіндей,
Үрдісі алты Алашқа танымалы.



ралы бейнебаян көрсетіліп, жасанды интеллект арқылы жазушының «Телқоңыр», «Көкпар», «Көк қаршыға» кітаптары таныстырылды. Портрет кешінде Тәкен Әлімқұловтың «Тұлпардың тағдыры» кітабынан «Кертолтау», «Қараой», «Жүректегі жіңішке тікен» әңгімелерін кітапхана қызметкерлері қысқаша баяндап оқырмандарға таныстырды.

Алуа АТАХМЕТҚЫЗЫ,
Михаил Ломоносов
атындағы
қалалық орталық
кітапхана
редакторы.
Ақтөбе қаласы.

